№21 (306).
28 шілде,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы



adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru



“УАҚЫТША ТОҚТАТҚАН ДҰРЫС”

Мемлекет басшысы Ресей мен Украина қақтығысы жайлы пікір білдірді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесті. Мемлекет басшысы Ресей мен Украина арасындағы қақтығысты реттеу мәселесіне қатысты өз ұстанымын жеткізді, деп хабарлайды inbusiness.kz сайты.

– Өзіңізге мәлім, мен әуел бастан мұның мемлекетаралық қақтығыс екенін айтқанмын. Бұл қандай да бір азаматтық соғыс емес. Біз украин халқына, оның мәдениеті мен тіліне әрдайым құрметпен қараймыз. Аталған қақтығыстың көпшілік үшін, соның ішінде біз үшін түсініксіз тұстары көп. Білуімше, сіз Аляскадағы Анкориджде өткен кездесуде дипломатиялық тұрғыдан барынша икемділік таныттыңыз. Осы орайда өз пікірімді білдіргім келеді. Өйткені маған да өтініштер айтылады. Меніңше, қақтығысты уақытша тоқтатып, 2.0. Ыстамбұл формуласына оралған дұрыс. Себебі аталған келіссөз барысында айтарлықтай нәтижеге қол жеткізілген еді. Содан кейін алпауыт елдердің, соның ішінде Ресейдің кепілдігі арқылы көптен күткен бейбітшілікке қадам басуға болады. Қазақстан – бұл мәселеде сырт қалатын ел емес. Алайда қаншама мәрте ұсыныстар мен үндеулер айтылғанына қарамастан, мен бұл қақтығыста арағайын болудан үзілді-кесілді бас тартамын. Өйткені Ресей – ұлы ел, ал орыс халқы – ұлы халық. Күн тәртібіндегі барлық мәселені делдал-сыз-ақ шеше алады. Алайда бүгін өз пікірімді білдіруді жөн көрдім. Себебі адамдар менің Омбыға жоспарлы сапарымнан, Сізбен кездесуімнен хабардар. Тығырықтан қалай шығу керек екенін ешкім білмейді. Қос тараптың өз ұстанымы бар. Әйтсе де, осы алауыздықты уақытша доғаруға болады. Бұл – сынақтан өткен халықаралық тәжірибе, амал. Өкінішке қарай, өрімдей жастар құрбан болып жатыр. Олар – бауырлас Ресей мен Украина халықтарының келешегі. Сондықтан мұның бәрін тоқтату керек. Өйткені, менің ойымша, қазіргі болып жатқан жағдай Ресей және Украина мемлекеттерінің дұшпандарына ғана тиімді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзін қорыта келе, еліміз Ресеймен стратегиялық серіктестікті және одақтастық қатынастарды дамытуға бейіл екенін растады.

– Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасындағы ұстанымына келер болсақ, біз Ресейді әрдайым ұлы мемлекет деп санаймыз. Бұған еш күмәніңіз болмасын. Мен бұл туралы барлық халықаралық форумдарда айтып жүрмін. Біз қанша қиын болса да, Ресеймен стратегиялық серіктестікті және одақтастық қатынастарды дамытуға бейілміз. Бүгінгі форум – соның айғағы, – деді Мемлекет басшысы.



ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІН КӨТЕРІП ЖҮРГЕН ҒАЛЫМ

Қазіргі әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілі Дандай Ысқақұлының еңбек жолын қарап отырсаңыз, 1972-1977 жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен байланысты екенін байқауға болады. Алғашында аспирантурада оқып, «Отызыншы жылдардағы қазақ әдеби сыны» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаса (1975), 1975-1977 жылдары кіші ғылыми қызметкер әрі жас ғалымдар кеңесінің мүшесі болып, оның филологиялық саласын басқарғанын білеміз. Содан бергі уақытта ол аталған ғылыми зерттеу институтымен тығыз байланыста. Мәселен, сонау жетпісінші жылдары Әдебиет және өнер институтында шыққан «Стиль сыры» (1977) атты ұжымдық еңбектен бастап, әр жылдары «Дәстүр және жаңашылдық» (1980), «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2008) тәрізді ұжымдық монографиялардың негізгі авторларының бірі ретінде бірлесе жұмыс істеді.

Бұл жылдар болашақ ғалымға не бергендігі төңірегінде тоқталатын болсақ, әдебиеттану ғылымының қарашаңырағына айналған ғылым ордасы, біріншіден, тыңғылықты ғылыммен айналысуға үйретті. Екіншіден, бір тақырыптың іздеушісі, жоқшысы болуды бойына сіңірді. Ғалымның содан бергі өмір жолы мен зерттеу еңбектерін қарап отырсаңыз, оның қазақ әдеби сынын тыңғылықты зерттеп, өміріне азық етіп келе жатқанын байқау оңай. Қазақ әдеби сыны туралы сөз еткенде екі нәрсе ойымызға оралады. Оның біріншісі – әдеби сынға үлес қосқан сыншылар есімі, екіншісі – әдеби сынды зерттеушілер. Ал, осының екеуіне бірдей үлес қосқан ғалымдар қатарында Дандай Ысқақұлының есімін ерекше атау ләзім.

6-бетте »

● ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ІЗДЕНІС ЖЕМІСІ

Алматы қаласында Халықаралық «Түркі әлемі» телестудиясының жұмыс істей бастағанына он жылдан асып барады. Белгілі жазушы-режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Доқтырхан Тұрлыбек жетекшілік ететін шығармашылық ұжым түбі бір, тегі бір түркі тілдес халықтардың тарихын, тарихи тұлғаларын насихаттауда елеулі жұмыстар атқарып келеді.

Д.Тұрлыбек 30-ға жуық деректі фильмдердің авторы әрі режиссері. «Бекет ата жолымен», «Әйтеке бидің ақ жолы», «Мәшһүр Жүсіп», «Мұстафа Шоқай» және басқа да деректі туындылары көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Ол 2015 жылы Бүкілдүниежүзілік түркі тілдес халықтардың «Алтын сафран» кинофестиваліне қатысып, лауреат атанды.

Бүкіл түркі тілдес халықтардың рухын арттыруға, өз-өзін тануға үлкен үлес қосып жүрген жазушы-режиссер Доқтырхан Тұрлыбек жақында Стамбұлдан қуанышты хабар алды. Белгілі қаламгер түркі дүниесіне сіңірген еңбегі үшін «ТҮРКСОЙДЫҢ» алтын медалімен марапатталғанын естіп, мерейі өсті.

Алматы қаласындағы өнер мұражайында өткен айтулы марапаттау рәсімінде алтын медаль салтанатты түрде табысталды. Құрметті марапатты ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ұлықбек Есдәулет табыстап, алтын медаль иесіне жүрекжарды лебізін білдіріп, шығармашылық жолында толағай табыстар тіледі.

Қалила ОМАРОВ,
режиссер, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері.
Алматы қаласы.



Қадірлі әріптесіміз, жазушы-режиссер Доқтырхан Тұрлыбекті ТҮРКСОЙ-дың алтын медалімен марапатталуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл – ұзақ жылғы шығармашылық ізденіс пен түркі дүниесінің рухани мұрасын насихаттауға сіңірген елеулі еңбегіңіздің лайықты бағасы. Бұл марапат алдағы уақытта да жаңа шығармашылық белестерге жетелеп, тың жобалар мен толайым табыстарға жол ашсын.

Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық шабыт және жаңа жетістіктер тілейміз! Түркі әлемінің рухани кеңістігін байыта беретін еңбектеріңіз көбейе берсін!

Ізгі тілекпен,
Редакция ұжымы.



Теміржолды таңдаған тектілер

АСЫЛ АТА БАТАСЫ

Қасиетті қазақ жерінде тағдырларын теміржолмен тығыз байланыстырған теміржолшылар әулеттері бар. Олар өз ұрпақтарына осынау болат жолдың қасиетін ұғындырып қана қоймай – сонау Түрксібтен тамыр тартқан қастерлі мамандықты өз әулеттерінің өмір өрнектеріне айналдырған. Солардың бірі һәм бірегейі – Ахметовтар әулеті.

Теміржолды Таңдаған Тектілердің басында абыз ақсақал Ахмет ата тұр.

Сонау өткен ғасырдың елуінші жылдарының бастауында Мойынты мен Шу аралығындағы 440 шақырымдық ерекше маңызды темір жол-дың құрылысы мәресіне жеткені белгілі. Бұл – Сі-бір мен Түркісибті жалғап, Петропавл – Көкшетау – Астана – Қарағанды – Шу бағытындағы трансқазақстандық біртұтас күретамырға жан бітірген ғасыр құрылысы еді.

Жаздың ми қайнатар аптап ыстығы. Көкжиекпен астасқан сайын далада жел көтерген шаң бұрқырап, жан баласы көзге шалынбайды. Осындай елсіз түзде жер бедерін зерттеп, болашақ теміржол бағытын барлап жүрген инженерлер тобы ұзақ жолдан титықтап, сая іздейді. Кенет кең жазықтың төсінде дара тұрған ақ шаңқан киіз үй көздеріне оттай басылады.

Жолаушылар ат басын сол үйге бұрады. Киіз үйдің есігінен оларды ақ сақалы кеудесін жапқан, жүзінен мейірім мен парасат нұры төгілген Ахмет қария қарсы алады. Қазақтың атадан балаға мирас болған дарқан көңілі мен қонақжайлық дәстүрін бұлжытпай сақтаған ақсақал алыстан ат терлетіп келген қонақтарды жылы шыраймен қарсы алып, төрге оздырады. Дастарқан жайылып, буы бұрқыраған шай ұсынылады. Әңгіме үстінде келген азаматтардың ел игілігі үшін теміржол тартуға қажетті жер жағдайын зерттеп жүргенін білген қарияның жүзі нұрланып, көңілі толқиды. Сәл үнсіз отырып, қос қолын жайып, жүрегінен шыққан ақ тілегін ақ батамен өрнектейді:

«Алысты жақындатып, тағдырларды тоғыстырып, уақыт пен қашықтық бөлген жандарды қауыштырып жүр екенсіңдер. Магистраль өмір ағашындай бүр жарып, жүректер мен тағдырларды жалғасын, жердің әрбір бұрышына нұр мен үміт сыйласын. Менің де ұрпағым осы ұлы жолға қызмет еткей!».

Ақ жүректен төгілген ақ батаның шарапаты көп күттірмеді. Ақсақалдың асыл арманы қабыл болып, төрт ұлының үшеуі өмірлік жолын теміржол саласымен байланыстырды. Олар маңдай терін төгіп, елдің көлік қатынасын дамытуға адал еңбек етті. Ал төртінші ұлы да ағаларының ізін басар еді. Алайда қатыгез соғыс оның тағдырын басқа арнаға бұрды. Майдан даласында ауыр жараланып, туған елге оралмады. Ерлікпен қаза тауып, Отан үшін жанын құрбан етті.

Осылайша Ахмет атаның ұрпағы арасынан теміржолшы әулеттің алғашқы буыны қалыптасты. Әкенің ақ батасын ақтаған Жолтүс, Төлеухан және Жөкіш теміржол ісінің берік тұғырын қалап, кейінгі ұрпаққа өнеге болған еңбек жолын бастады. Бүгінде бірнеше буынға жалғасқан бұл әулеттің тағылымды тарихы елге адал қызмет етудің, еңбекке деген құрметтің және ата аманатына деген беріктіктің жарқын үлгісі ретінде бағаланады.

8-бетте »

ТҮРКІСТАН 1 ОРЫНҒА ШЫҚТЫ: БҰЛ – ӨҢІРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НӘТИЖЕСІ

2026 жылғы 22 шілде күні сегізінші шақырылымдағы Түркістан облыстық мәслихатының кезектен тыс жиырма төртінші сессиясы өтті. Сессияның жұмысына облыс әкімі Нұралхан Көшеров, облыс әкімдігінің мүшелері, басқарма басшылары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Сессия жұмысын облыстық мәслихат төрағасы Нұралы Әбішов жүргізді. Күн тәртібінде 1 мәселе қаралып, «2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Түркістан облыстық мәслихатының 2025 жылғы 15 желтоқсандағы №20/268-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы» облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жаппар Күмісбек баяндама жасады.

Аталған мәселе бойынша облыстық мәслихаттың бюджет, экономика және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Мағауия Тұрысбеков комиссия қорытындысымен таныстырып, депутаттар тиісті шешім қабылдады.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеров сессия жұмысын қорытындылап, мәслихат жұмысына табыс тіледі.

– Бүгінгі кезектен тыс сессияның күн тәртібіндегі мәселені жан-жақты қарап, қолдау білдіргендеріңіз үшін баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Қабылданған шешімдер – облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, инфрақұрылымдық жобаларды уақтылы жүзеге асыруға бағытталған маңызды қадам. Бөлінген бюджет қаражатының тиімді әрі мақсатты жұмсалуы қатаң бақылауда болады. Барлық жауапты басқармалар мен аудан, қала әкімдеріне қабылданған шешімдердің сапалы әрі уақтылы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырамын. Біз осы қарқынды сақтап, бірлескен жұмысты жандандыра түсуіміз қажет, – деген облыс өңірде импортты алмастыру, өндірісті дамыту, өз-өзін толық қамтитын облыс деңгейіне жету бағытындағы жұмыстар жалғасатынын жеткізді.

Айта кетейік, облыс әкімдігі мен мәслихаттың бірлескен жұмысының арқасында биылғы 6 айда қысқа мерзімді экономикалық өсім 126,3 пайызды құрап, Түркістан облысы республикада 1 орынға шықты. Бұл – жүйелі жұмыстың және өңірдің әлеуетін тиімді пайдаланудың нәтижесі. Өңірде инвестиция тарту, өндіріс орындарын ашу, өндірістік парктерді жандандыру, терең өңдеуді дамыту, ауыл шаруашылығы, туризм бағытындағы жобаларға басымдық берілген.

ИНВЕСТИЦИЯ ҮШІН МҮМКІНДІГІ МОЛ ӨҢІР

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Үндістан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сайлас Тангалмен кездесті. Кездесу барысында инвестиция тарту, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, туризм, медицина және фармацевтика салаларындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды.

Облыс әкімі өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен инвестициялық әлеуетіне тоқталып, Түркістан облысында инвесторларға қолайлы жағдай жасалғанын атап өтті. Сондай-ақ үндістандық компанияларды бірлескен жобаларды жүзеге асыруға шақырды.

– Түркістан облысы – инвестиция үшін мүмкіндігі мол өңір. Біз индустрия, ауыл шаруашылығы, туризм бағыттарында өзара тиімді әріптестік орнатуға дайынбыз. Түркістан халықаралық әуежайының мүмкіндігі жоғары, шетелдік туристерді қабылдауға барлық жағдай жасалған. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен өңірдің бай тарихи-мәдени мұрасы Үндістаннан келетін туристер үшін де ерекше қызығушылық тудырады, – деді Нұралхан Көшеров.

Үндістан Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сайлас Тангал екі ел арасындағы ынтымақтастықтың әлеуеті жоғары екенін атап өтті. Оның айтуынша, жыл сайын шамамен 50 млн Үндістан азаматы шетелдерге туристік сапар жасайды. Осыған байланысты Түркістанның туристік мүмкіндігі үндістандық туристер үшін тартымды бағыттардың біріне айнала алатынын жеткізді. Сонымен қатар елші уран өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, туризм, мақта кластері, медицина және фармацевтика, баламалы энергия көздері бағыттарында әріптестік орнатуға қызығушылық білдірді. Өңірде халықаралық деңгейдегі аурухана салу, ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібінде нақты жобаларды жүзеге асыру бастамасын көтерді.

Кездесу қорытындысында қос тарап аталған салалар бойынша байланыстарды нығайтып, инвестициялық және іскерлік ынтымақтастықты кеңейту бағытындағы жұмыстарды жалғастыруға уағдаласты.

ЭКСПОРТ БАҒЫТЫНДА ОҢ ДИНАМИКА ҚАЛЫПТАСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономиканы әртараптандыру, агроөнеркәсіп кешенін дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуді ұлғайту, инвестиция тарту және экспорттық әлеуетті арттыру жөніндегі тапсырмалары Түркістан облысында кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің үйлестіруімен аграрлық салада жүйелі жұмыстар атқарылып, өндірістен бастап қайта өңдеу мен экспортқа дейінгі барлық бағыттарда нақты нәтижелерге қол жеткізілуде.

2026 жылдың қаңтар-маусым айларының қорытындысы бойынша облыста 325,3 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 110,7 пайызды құрады. Осы көрсеткішпен Түркістан облысы республика бойынша 1-орынға шықты.

Агроөнеркәсіптік кешенге инвестиция тарту қарқыны да жоғары деңгейде сақталуда. Есепті кезеңде салаға 153,2 млрд теңге инвестиция бағытталып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көлемі 1,5 есеге артты. Бұл – өңірде ауыл шаруашылығы өндірісін жаңғырту, жаңа кәсіпорындарды іске қосу және қосылған құны жоғары өнім өндіруге басымдық берудің нақты нәтижесі.

Алты айда тамақ өнімдерінің өндіріс көлемі 96,6 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 126,2 пайызды құрады. Өңдеу өнеркәсібінің барлық негізгі бағыттарында өсім қамтамасыз етіліп, ет өнімдерін өңдеу 172,1 пайызға, өсімдік майы және май өнімдерін өндіру 136,7 пайызға, сусындар өндіру 139,6 пайызға, ұн-жарма өнімдері 121,4 пайызға, балық өнімдері 121,4 пайызға, жеміс-көкөніс өнімдерін өңдеу 108,5 пайызға өсті.

Экспорт бағытында да оң динамика қалыптасты. Жыл басынан бері облыстан 904,5 мың тонна ауыл шаруашылығы және қайта өңделген өнім экспортталып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көлемі 2 есеге ұлғайды. Оның ішінде 642,4 мың тоннасы өсімдік шаруашылығы өнімдері, 25,8 мың тоннасы мал шаруашылығы өнімдері және 236,3 мың тоннасы қайта өңделген өнімдер болды.

Ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыру мақсатында биыл егіс алқаптарының көлемі өткен жылмен салыстырғанда 8 мың гектарға ұлғайып, жалпы 919 мың гектарға орналастырылды. Оның ішінде дәнді дақылдар 326 мың гектарға, майлы дақылдар 87 мың гектарға, көкөніс 42 мың гектарға, бақша 62 мың гектарға, картоп 12 мың гектарға, мал азықтық дақылдар 228 мың гектарға және мақта 162 мың гектарға егілді. 21 шілдедегі жағдай бойынша 242 мың тонна масақты дақыл, 583 мың тонна көкөніс, 750 мың тонна бақша, 207 мың тонна картоп және 3,2 млн тонна мал азығы дақылдары жиналды.

Өңірде су ресурстарын тиімді пайдалану бағытындағы жұмыстар да жүйелі түрде жүргізілуде. Биыл қосымша 50 мың гектарға су үнемдеу технологияларын енгізу жоспарланған. Соның нәтижесінде мұндай технологиялар қолданылатын жалпы алқап көлемі 164 мың гектарға жетіп, жыл сайын 280 млн текше метр ағын суды үнемдеуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда су үнемдеу технологиялары 37 мың гектарға енгізіліп, жоспардың 74 пайызы орындалды.

Түркістан облысы мал шаруашылығы бойынша да республикадағы жетекші өңірлердің бірі саналады. Бүгінде еліміздегі ірі қара малдың 13 пайызы немесе 1 млн 238,6 мың басы, қой-ешкінің 20 пайызы немесе 5 млн 211,6 мың басы, жылқының 10 пайызы немесе 549 мың басы және түйенің 14 пайызы немесе 46,1 мың басы облыстың үлесіне тиесілі.

Алты айдың қорытындысында облыста 116,3 мың тонна ет, 271,8 мың тонна сүт және 170,8 млн дана жұмыртқа өндірілді. Мал шаруашылығының тұрақты дамуы экспорт көлемінің ұлғаюына да тікелей ықпал етуде. Қазіргі таңда республикадан экспортталатын ірі қара мал етінің 80 пайызы және қой етінің 75 пайызы Түркістан облысының үлесіне тиесілі. Есепті кезеңде шетел нарығына 10,3 мың тонна сиыр еті мен 14,4 мың тонна қой еті экспортталды.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» – БҮГІНГІ ҰРПАҚҚА БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК

Атадан балаға дарығаң, бабадан ұрпаққа мирас болған берекелі жеріміздің, атамекеніміздің тынысы қай кезде де еңбекпен ашылған. Арқалы бабаларымыз «Ауыл – ел бесігі» деп текке айтпаса керек. Бүгінгі таңда сондай құт қонған, топырағы торқалы өңірлеріміздің бірі – шұрайлы Келес ауданы. Келес өлкесінде кейінгі жылдары басталған оң өзгерістер мен жасампаз қадамдар ауылдағы ағайынның еңсесін тіктеп, тұрмысына ерекше серпін беріп отыр.

Бұл оң өзгерістердің басты қозғаушы күші – ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттырып, ата кәсіпті жаңаша жандандыруға бағытталған «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасы.

Ауылда өз кәсібін дөңгелетіп, маңдай терімен нан тапқысы келетін ағайынға бұл бағдарлама нағыз демеу болды. Өйткені,



жылдық мөлшерлемесі 2,5% құрайтын шағын несие – қарапайым шаруа үшін үлкен мүмкіндік, қолайлы жағдай.

2023–2025 жылдар аралығында Келес ауданында жалпы құны 2 миллиард теңгені құрайтын 339 жоба қаржыландырылып, нәтижесінде 750 жаңа жұмыс орны ашылды. Бұл – жай ғана құрғақ цифрлар емес, бұл – 750 отбасының шаңырағына кірген қуаныш, өз жерінде еңбек етіп, нәпақасын тапқан азаматтардың сенімі.

Келес өңірінің топырағында бүгінде әртүрлі бағыттар бой көтеріп, жаңа леппен дамып келеді:

- Жүзім шаруашылығы мен өсімдік өсіру: Келестің күн сүйген алқаптарында хош иісті жүзім бапталса, өнімділігі жоғары жылыжай кешендері төрт мезгіл бойы халықты балғын көкөніспен қамтамасыз етуде;

- Малы мыңғырған өлке: Мал басын көбейтіп, сүт пен ет өнімдерін өңдейтін өндірістер дамып, жергілікті брендтердің қалыптасуына жол ашылуда;

- Шағын өндіріс мен кооперативтер: Тіпті ауыл ішінде шұлық өндірісі секілді шағын кәсіпорындар ашылып, ауыл жастарына тұрақты табыс көзіне айналды.

Бірлік бар жерде тірлік бар: тұрғындар жеке-жеке шашырамай, өндірістік кооперативтерге бірігіп, техника мен ресурстарды тиімді пайдаланудың озық үлгісін көрсетіп отыр.

Басталған игі істің қарқыны бәсеңдемек емес. Алдағы 2026 жылы бағдарлама аясында тағы да 154 жобаны қаржыландырып, қосымша 310 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Бұл – Келес ауданының болашағына салынған үлкен инвестиция, ауыл тұрмысының гүлденуіне жасалған берік қамал.

Бабаларымыз аманатқа қиянат жасамаған. «Ауыл аманаты» да – бүгінгі ұрпаққа берілген мүмкіндік пен жауапкершілік. Жерді баптаған, еңбекті сүйген Келес елді мекендерінің ертеңі бұдан да жарқын, ырысы бұдан да мол болғай!

АҒАЙЫННЫҢ ЕҢСЕСІН КӨТЕРЕР ҮЛКЕН ҚОЛДАУ

Ауылдың әлеуетін арттырып, бұқараның тұрмысын түзеуге бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы Созақ ауданында өзінің берекелі жемісін бере бастады. Бұл бастама – тек жеңілдетілген қаржылай демеу ғана емес, ата кәсіп пен заманауи өндірісті тоғыстырған ағайынның еңсесін көтерер үлкен мүмкіндік.

Осы игі істің жарқын көрінісін Шолаққорған ауылының тұрғыны, іскер азаматша Раушан Бекболатқызының еңбегінен анық көруге болады.

Ауылда өз өндірісін дөңгелетіп, отандық өнім шығаруды армандаған Раушан жыл басында бағдарламаның игілігін көрді. Жылдық мөлшерлемесі 2,5 пайызды құрайтын 10 миллион теңге жеңілдетілген несиені иеленіп, көптен көкейде жүрген тігін цехын іске қосты.

Бүгінде бұл отаудан тігін машиналарының бірқалыпты үні естіліп, еңбекқор қыз-келіншектердің қолынан шыққан сапалы бұйымдар ел игілігіне жарауда. Жаңадан ашылған бұл шағын кәсіп – бір отбасының ғана емес, ауылдағы біршама тұрғынның тұрақты нәпақа табар құтты мекеніне айналды.

Созақ жеріндегі бұл оң өзгерістер – «Ауыл аманатының» халыққа әкелген нақты шарапаты. Ердің еңбегі мен әйелдің іскерлігі ұштасқан жерде ырыс пен ынтымақ қатар өрері хақ.

TARIX БРЕНДІ – ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРАТЫН ӨНДІРІСТІҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ

Түркістан облысында өңдеу өнеркәсібін дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және отандық өнім көлемін арттыру бағытында жүзеге асырылып жатқан жобалардың қатары артып келеді. Соның бірі – TARIX брендімен ірімшік өндіретін «Бахар» жеке кәсіпкерлігінің өндірісін кеңейту жобасы. Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде кәсіпорын өз өндірістік қуатын арттырып қана қоймай, өңірдегі импортқа тәуелділікті төмендетуге және жергілікті нарықты сапалы өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік алып отыр.



Бүгінде азық-түлік өндірісі – кез келген мемлекеттің экономикалық тұрақтылығының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Әсіресе соңғы жылдары ішкі нарықты отандық өніммен қамтамасыз ету, импорт көлемін азайту және өңдеу өнеркәсібінің үлесін арттыру мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды. Осы мақсатта кәсіпкерлерге қолжетімді несие беру, пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және өндірістік жобаларды қолдау тетіктері кеңінен қолданылуда.

Осындай қолдаудың нақты нәтижесінің бірі – Түркістан облысында жұмыс істейтін «Бахар» жеке кәсіпкерлігінің жүзеге асырып жатқан жобасы. Кәсіпорын TARIX брендімен табиғи ірімшік өндіреді және соңғы жылдары тұтынушылар арасында сапалы өнім ретінде танылып келеді.

Өндірісті кеңейту мақсатында кәсіпкер 100 миллион теңге көлемінде жеңілдетілген несие алды. Мемлекеттік субсидиялау бағдарламасының арқасында несие бойынша түпкілікті сыйақы мөлшерлемесі 12,6 пайызға дейін төмендетілді. Бұл кәсіпкердің қаржылық жүктемесін жеңілдетіп, жаңа технологиялар мен өндірістік жабдықтарға инвестиция салуына мүмкіндік берді.

Мемлекеттік қолдау бизнестің тұрақты дамуына ғана емес, өңір экономикасының өсуіне де оң әсер етеді. Себебі әрбір өндірістік жоба жаңа жұмыс орындарын құрып, жергілікті шикізатты тиімді пайдалануға және қосылған құны жоғары өнім шығаруға жол ашады.

Жоба толық іске қосылғаннан кейін кәсіпорынның өндірістік қуаты едәуір артады. Қазіргі таңда тәулігіне 200 келі ірімшік өндірілсе, жаңғырту жұмыстары аяқталған соң бұл көрсеткіш 260 келіге дейін өседі. Бұл – өндіріс көлемінің шамамен 30 пайызға ұлғаюы деген сөз.

Өндіріс көлемінің артуы нарықтағы сұранысты тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар кәсіпорын өнім түрлерін көбейтіп, сапаны халықаралық талаптарға сай жетілдіруді көздеп отыр.

Жобаның тағы бір маңызды нәтижесі – импортты алмастыру. Бүгінде Қазақстанның ішкі нарығында шетелден әкелінетін сүт өнімдерінің үлесі әлі де жоғары. Сондықтан жергілікті кәсіпорындардың өндірісті ұлғайтуы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ерекше рөл атқарады.

«Бахар» ЖК жүзеге асырып отырған жобаның нәтижесінде жыл сайын 40 тоннаға дейін импорттық сүт өнімінің орны отандық өніммен алмастырылады. Бұл бір жағынан сырттан келетін өнімге тәуелділікті азайтса, екінші жағынан жергілікті өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Сарапшылардың пікірінше, импортты алмастыру – тек экономикалық көрсеткіш емес. Бұл – өңірдегі ауыл шаруашылығының дамуына, фермерлердің табысының артуына және өңдеу өнеркәсібінің тұрақты қалыптасуына ықпал ететін маңызды фактор. Себебі сапалы ірімшік өндіру үшін ең алдымен жоғары сапалы сүт қажет. Ал бұл жергілікті сүт өндірушілердің өнімдеріне деген сұраныстың артуына мүмкіндік береді.

Өңірде қалыптасатын осындай өндірістік тізбек ауыл шаруашылығы мен қайта өңдеу саласының өзара байланысын күшейтіп, қосылған құны жоғары өнім шығаруға жағдай жасайды.

Жоба жүзеге асқаннан кейін TARIX бренді өңірлік нарықтағы сұранысты шамамен 5 пайызын қамтамасыз етеді. Бұл бір қарағанда аз көрсеткіш болып көрінгенімен, бір ғана кәсіпорын үшін едәуір нәтиже саналады. Әсіресе азық-түлік өндірісі нарығында мұндай үлеске қол жеткізу кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің жоғары екенін көрсетеді.

Болашақта өндіріс көлемін кезең-кезеңімен ұлғайту арқылы өнімді еліміздің басқа өңірлеріне жеткізуге, тіпті экспортқа шығару мүмкіндігі де қарастырылуы ықтимал. Түркістан облысының көлік-логистикалық мүмкіндіктері мен көршілес Өзбекстан нарығына жақын орналасуы бұл бағытта қосымша артықшылық береді.

Бүгінде тұтынушылар табиғи құрамды, сапалы әрі қауіпсіз азық-түлік өнімдерін таңдауға басымдық береді. Сондықтан жергілікті шикізаттан өндірілетін табиғи ірімшіктердің нарықтағы сұранысы жыл сайын артып келеді. Бұл өз кезегінде отандық өндірушілерге жаңа мүмкіндіктер ашады.

TARIX брендімен жүзеге асырылып жатқан жоба – мемлекеттік қолдау мен кәсіпкерлік бастаманың тиімді үйлесімінің жарқын үлгісі. Бір жағынан жеңілдетілген қаржыландыру өндірістің дамуына серпін берсе, екінші жағынан өңір тұрғындары сапалы әрі қолжетімді отандық өніммен қамтылады.

Түркістан облысында осындай өндірістердің көбеюі азық-түлік қауіпсіздігін нығайтып қана қоймай, өңдеу өнеркәсібінің үлесін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу көлемін көбейтуге ықпал етеді. Ал бұл өз кезегінде өңір экономикасының тұрақты дамуына және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесін көрсетеді.

ЭКОНОМИКАНЫ ЖӘНЕ ЛОГИСТИКАНЫ ДАМЫТУҒА ЖОЛ АШАДЫ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ еліміздің негізгі инфрақұрылымдық жобаларының бірі Дарбаза – Мақтаарал жаңа темір жол желісінің құрылысын жалғастыруда.

Бүгінгі таңда нысанда 57 км негізгі және станциялық жолдар төселген. Құрылысқа 1200 астам маман жұмылдырылса, олардың көпшілігі Түркістан облысының тұрғындары. Жұмыстар 800 бірліктен астам арнайы техниканы пайдалана отырып жүргізілуде.

Сонымен қатар Мақтаарал шекара маңы станциясының құрылысы жалғасуда. Мұнда шекара және кеден қызметтерінің, сондай-ақ басқа да мемлекеттік бақылау органдарының жұмысы үшін қажетті инфрақұрылым құрылады.

ҚТЖ кадрларды даярлауға ерекше көңіл бөліп келеді. Компания филиалдары басшыларына Мақтаарал, Сарыағаш және Жетісай аудандарының жергілікті атқарушы органдарымен және жұмыспен қамту орталықтарымен бірлесіп темір жол инфрақұрылымы объектілерінде одан әрі жұмыс істеу үшін жергілікті тұрғындарды оқыту мен жұмысқа орналастыруды жандандыру тапсырылды.

Жаңа желі іске қосылғаннан кейін 400 жуық тұрақты жұмыс орны құрылады.

Жаңа темір жол желісі Мақтаарал және Жетісай аудандарының ҚТЖ негізгі желісімен тікелей байланысын қамтамасыз етеді. Бұл Сарыағаш шекара станциясына жүктемені шамамен 40% төмендетуге, «Солтүстік – Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізінің тиімділігін арттыруға және Қазақстанның оңтүстігіндегі экономиканы, бизнесті және логистиканы дамыту үшін қосымша мүмкіндіктер жасауға жол ашады.

ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ: ТҮРКІСТАННЫҢ ТАРИХИ МҮМКІНДІГІ

Орталық Азия – ғасырлар бойы сауда мен мәдениеттің, өркениеттер тоғысқан кеңістіктің өзегі. Бұл аймақтағы мемлекеттердің өзара ынтымақтастығы тек дипломатиялық қарым-қатынастармен ғана шектелмейді. Ол – экономикалық өсімнің, аймақтық тұрақтылықтың, инвестициялық тартымдылықтың және халықтардың әл-ауқатын арттырудың басты кепілі. Соңғы жылдары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы қарым-қатынастың жаңа деңгейге көтерілуі осының айқын дәлелі.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің саяси ерік-жігерінің арқасында екі мемлекет арасындағы байланыс бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып келеді. Стратегиялық әріптестік туралы уағдаластықтар нақты экономикалық жобалармен, инвестициялық бағдарламалармен және өңіраралық байланыстармен толықтырылып жатыр. Бұл саясаттың нәтижесін ең алдымен шекаралас аймақтар сезінуде. Солардың ішінде Түркістан облысының орны ерекше.

Қазақстанның оңтүстігіндегі бұл өңір тек географиялық тұрғыдан ғана емес, тарихи, рухани және экономикалық жағынан да Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы алтын көпірге айналып отыр. Түркістан – түркі дүниесінің рухани астанасы болса, бүгінде ол инвестиция мен халықаралық ынтымақтастықтың да маңызды орталығына айналып келеді.

Ақтау қаласында өткен Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Өңірлер басшылары кеңесінің бірінші отырысы осы жаңа кезеңнің жарқын көрінісі болды. Бұл жай ғана ресми жиын емес, екі мемлекет арасындағы өңіраралық ықпалдастықтың болашақ бағытын айқындаған тарихи басқосу болды.

Жиынға Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектенов пен Өзбекстан Республикасының Премьер-Министрі Абдулла Арипов, екі елдің министрлері, облыс әкімдері, іскер топтар мен халықаралық сарапшылар қатысты. Кеңес барысында қабылданған шешімдер Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық әріптестіктің нақты экономикалық мазмұнға ие болғанын көрсетті.

ӨҢІРАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ – МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Бүгінде мемлекетаралық байланыстардың тиімділігі ең алдымен өңірлердің өзара қарым-қатынасына байланысты бағаланады. Себебі инвестиция, өндіріс, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы немесе туризм секілді салалар дәл осы аймақтарда жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда Ақтауда өткен кеңестің нәтижелері ерекше маңызға ие.

Кеңес қорытындысында Түркістан облысы мен Өзбекстанның Самарқанд, Ташкент және Жызақ облыстары арасында бауырластық байланыс орнату туралы келісімдерге қол қойылды. Сонымен қатар Түркістан мен Жызақ облыстары арасындағы ынтымақтастықты жүзеге асырудың нақты Жол картасы бекітілді.

Бұл құжаттардың ерекшелігі – олардың нақты нәтижеге бағытталуында. Онда жүзеге асырылатын жобалар, олардың орындалу мерзімі, жауапты органдар мен күтілетін нәтижелер толық көрсетілген.

Бүгінде әлемдік тәжірибе көрсеткендей, дәл осындай өңіраралық келісімдер инвестиция тартудың және экономикалық дамудың ең тиімді тетіктерінің бірі саналады.

ТҮРКІСТАН – ЖАҢА ӨСУ НҮКТЕСІ

Түркістан облысының соңғы жылдардағы даму қарқыны еліміздегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып отыр.

Облыс ауыл шаруашылығы өндірісі бойынша республикадағы көшбасшы аймақтардың қатарында. Сонымен бірге соңғы жылдары индустрия, құрылыс, туризм, логистика және өңдеу өнеркәсібі бағыттарында да айтарлықтай өсім байқалады.

Өңірдің тағы бір артықшылығы – оның ерекше географиялық орналасуы. Түркістан облысы Өзбекстанның Ташкент, Сырдария, Жызақ және Наманган облыстарымен шектеседі. Жалпы шекара ұзындығы мың шақырымға жуық. Бұл жағдай облысты халықаралық сауда мен логистиканың маңызды орталығына айналдырып отыр.

Қазіргі таңда шекарада алты кеден бекеті мен екі халықаралық өткізу пункті жұмыс істейді. Өткен жылдың өзінде осы өткізу бекеттері арқылы 14 миллионға жуық адам, үш миллионға жуық көлік және төрт миллион тоннаға жуық жүк өткен. Бұл көрсеткіштер Түркістан облысының Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азияның көлік-логистикалық жүйесіндегі стратегиялық рөлін көрсетеді.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАҢА САПАЛЫ КЕЗЕҢГЕ КӨТЕРІЛДІ

Өңірлер басшылары кеңесінде сөз сөйлеген Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы бүгінгі қарым-қатынастың негізінде мемлекет басшыларының көреген саясаты жатқанын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, соңғы жылдары екі ел арасындағы сенім бұрынғыдан да нығайып, өңіраралық байланыстар тұрақты сипат алған.

Әкімнің айтуынша, бүгінде Түркістан облысы Өзбекстанның бірнеше өңірімен өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, инвестиция, туризм, кәсіпкерлік және логистика бағыттарында табысты әріптестік орнатқан.

Бұл жұмыстардың нәтижесі тек меморандумдармен шектелмейді. Қазірдің өзінде екі елдің кәсіпкерлері ондаған бірлескен жобаларды жүзеге асырып жатыр.

Мұндай байланыстардың басты ерекшелігі – олардың халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталуында. Себебі әрбір жаңа келісім жаңа өндіріс, жаңа жұмыс орны, жаңа кәсіпорын және жаңа экспорттық мүмкіндік деген сөз.

ТАРИХИ ТАМЫР – ҚАЗІРГІ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Қазақ пен өзбек халқын ғасырлар бойғы тарихи байланыс біріктіреді. Ортақ мәдениет, руханият, сауда жолдары мен тарихи тұлғалар екі халықтың тағдырын өзара сабақтастырып келеді.

Түркістан мен Самарқанд, Бұхара мен Ташкент арасындағы байланыс Ұлы Жібек жолы кезеңінен бастау алады. Бүгінде сол тарихи сабақтастық жаңа экономикалық мазмұнға ие болды.

Егер бұрын керуендер осы қалаларды байланыстырса, бүгін оларды халықаралық автожолдар, теміржол желілері, туристік бағыттар мен инвестициялық жобалар байланыстырып отыр.

Бұл өзгеріс екі елдің ғана емес, бүкіл Орталық Азияның экономикалық кеңістігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы тұрғыдан алғанда Ақтауда өткен Өңірлер басшылары кеңесінің бірінші отырысы тарихи байланысты қазіргі заман талабына сай жаңа мазмұнмен толықтырған маңызды оқиға ретінде бағалануы тиіс.

Қазіргі таңда қолға алынған бастамалар Түркістан облысын Орталық Азиядағы ең белсенді халықаралық өңірлердің біріне айналдыруға мүмкіндік береді. Ал мұның түпкі нәтижесі – өңір экономикасының нығаюы, жаңа инвестициялар, жаңа жұмыс орындары және халықтың өмір сапасының артуы.

ИНВЕСТИЦИЯ – ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НАҚТЫ НӘТИЖЕСІ

Қазіргі әлемде мемлекеттердің қуаты ең алдымен олардың инвестициялық тартымдылығымен, өндірістік әлеуетімен және халықаралық экономикалық байланыстарымен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда Ақтауда өткен Қазақстан мен Өзбекстан өңірлері басшылары кеңесінің бірінші отырысы екі ел арасындағы ынтымақтастықтың жаңа бағытын айқындап берді.

Бұл кездесудің ең маңызды нәтижелерінің бірі – Түркістан облысы әкімдігі мен өзбекстандық серіктестер арасында жалпы құны 78 миллион АҚШ долларын құрайтын инвестициялық меморандумдарға қол қойылуы болды.

Бұл – жай ғана инвестициялық келісімдер емес. Бұл – өндірістік кооперацияны дамытуға, өңір экономикасын әртараптандыруға және жүздеген жаңа жұмыс орнын ашуға бағытталған нақты жобалар.

Соңғы жылдары Түркістан облысы инвестициялық саясатты жаңаша қалыптастырып келеді. Бұрын ауыл шаруашылығына ғана сүйенген өңір бүгінде өңдеу өнеркәсібі, металлургия, құрылыс материалдары өндірісі, агроөнеркәсіптік кешен, туризм және логистика бағыттарында да қарқынды дамып келеді.

Өзбекстандық инвесторлардың қызығушылығы да осы өзгерістердің заңды жалғасы.

ӨҢІРДЕ ЖАҢА ӨНДІРІСТЕР ПАЙДА БОЛАДЫ

Ақтауда қол қойылған меморандумдардың ішіндегі ең ірі жоба – құны 47 миллион АҚШ долларын құрайтын металл өңдеу зауыты.

Бұл кәсіпорында профлист, металл құбырлары, сэндвич-панельдер, жеңіл болаттан жасалған жұқа қабырғалы конструкциялар өндірілмек.

Қазақстанда құрылыс индустриясының қарқынды дамып келе жатқанын ескерсек, мұндай өндірістің маңызы зор. Біріншіден, ішкі нарықтағы импортқа тәуелділік азаяды. Екіншіден, өндірілген өнімді Орталық Азия елдеріне экспорттау мүмкіндігі артады.

Сонымен қатар 2 миллион АҚШ долларына күнбағыс майын өндіретін зауыт салу жоспарланып отыр.

Бұл кәсіпорын ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды бағыт – жүгеріні терең өңдеу өндірісі.

Құны 5 миллион АҚШ долларын құрайтын бұл жоба крахмал, глюкоза және басқа да жоғары қосылған құны бар өнімдер шығаруға бағытталған.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ауыл шаруашылығы өнімдерін шикізат күйінде экспорттағаннан гөрі оларды өңдеп сату бірнеше есе тиімді.

Сондықтан бұл кәсіпорын өңірдің экспорттық әлеуетін күшейтетін маңызды өндірістердің бірі болмақ.

ЕТ КЛАСТЕРІ – АГРОӨНЕРКӘСІПТІҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Түркістан облысы – мал шаруашылығын дамытуға қолайлы өңір.

Өзбекстанның «Meat Magnet» компаниясының қатысуымен жүзеге асырылып жатқан ет кластері осы әлеуетті тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Құны 12 миллион АҚШ долларын құрайтын жаңа жоба бойынша ет өнімдері халықаралық стандарттарға сәйкес өңделіп, экспортқа шығарылады.

Бұл өз кезегінде фермерлер үшін тұрақты нарық қалыптастырып, мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлердің табысын арттыруға ықпал етеді.

Экономистердің пікірінше, өңдеу өнеркәсібін дамыту ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтерудің ең тиімді жолы. Түркістан облысында дәл осы бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА ДРАЙВЕРІНЕ АЙНАЛУДА

Соңғы жылдары облыста балық шаруашылығына ерекше көңіл бөлініп келеді. Ақтауда қол қойылған келісімдердің бірі – 12 миллион АҚШ долларына заманауи тұқы өсіру кешенін құру. Бұл жоба тек ішкі нарықты ғана емес, экспорттық бағытты да қамтиды.

Қазақстанда балық өнімдеріне деген сұраныс жылдан-жылға өсіп келеді. Сонымен қатар Таяу Шығыс пен Еуропа нарығында да экологиялық таза өнімдерге қызығушылық жоғары. Сондықтан бұл жоба облыстың экспорттық мүмкіндігін кеңейтетін маңызды бастама саналады.

234 МИЛЛИОН ДОЛЛАРЛЫҚ ӨНДІРІСТІК АЛАҢ

Ақтаудағы кездесуде ерекше назар аударылған жобалардың бірі – «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы.

Бүгінде осы орталық аумағында жалпы құны 234 миллион АҚШ долларын құрайтын алты инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұл өндірістер Қазақстан мен Өзбекстан кәсіпкерлерінің бірлескен жобалары ретінде іске асырылуда.

Олардың негізгі мақсаты – жаңа технологияларды енгізу, дайын өнім шығару және халықаралық нарыққа бағдарланған өндірістерді қалыптастыру.

Мұндай кооперация әлемдік экономикадағы ең тиімді модельдердің бірі саналады.

Өйткені бір мемлекет шикізатпен қамтамасыз етсе, екіншісі технология немесе инвестиция ұсынады.

Нәтижесінде екі тарап та ұтады.

73 МИЛЛИОН ДОЛЛАРЛЫҚ ҚОСЫМША ЖОБАЛАР

Қазіргі таңда Түркістан облысында өзбек капиталының қатысуымен жалпы құны 73 миллион АҚШ долларын құрайтын бірқатар инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда.

Олардың қатарында:

– тамшылатып суару жүйелерін өндіру;
– ет өндірісін дамыту;
– балық шаруашылығы;
– туристік инфрақұрылым салу;
– металл өңдеу кәсіпорындары бар.

Бұл жобалардың барлығы облыс экономикасының әртүрлі секторларын қамтиды.

Яғни инвестиция тек бір салаға емес, тұтас өңірдің тұрақты дамуына бағытталған.

ТАУАР АЙНАЛЫМЫ ЖЫЛ САЙЫН ӨСУДЕ

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда байланысы соңғы жылдары бұрын-соңды болмаған қарқын алды.

2025 жылдың қорытындысында екі мемлекет арасындағы тауар айналымы 5 миллиард АҚШ долларына жетті.

Бұл өткен жылмен салыстырғанда 116 пайыздық өсім. Оның ішінде экспорт көлемі 3,5 миллиард АҚШ долларын құрады. Бұл көрсеткіштер Қазақстан мен Өзбекстанның бір-бірі үшін ең ірі сауда серіктестерінің біріне айналғанын көрсетеді.

Бұл жетістікте Түркістан облысының үлесі де айтарлықтай. Облыс пен Өзбекстан арасындағы тауар айналымы 511 миллион АҚШ долларынан асып, 109 пайыздық өсім көрсетті.

Бұл – өңірдің халықаралық экономикалық байланыстарының жылдан-жылға нығайып келе жатқанының нақты дәлелі.

КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚАН ТАМЫРЫ

Экономикалық дамудың басты шарттарының бірі – тиімді логистика. Осы бағытта Түркістан облысында ауқымды инфрақұрылымдық жобалар қолға алынған.

Қазіргі таңда «Сарыағаш» теміржол вокзалы жаңғыртылып жатыр. Сонымен қатар «Дарбаза – Мақтаарал» жаңа теміржол желісінің құрылысы басталды.

Сарыағаш айналма автомобиль жолының салынуы да халықаралық жүк тасымалын едәуір жеңілдетеді.

Бұл жобалар Қазақстан арқылы өтетін халықаралық көлік дәліздерінің тиімділігін арттырып, Түркістан облысын Орталық Азиядағы ең ірі логистикалық тораптардың біріне айналдыруға мүмкіндік береді.

Осының бәрі өңірдің инвестициялық тартымдылығын одан әрі күшейтіп, жаңа кәсіпорындардың ашылуына негіз болады.

ТУРИЗМ, РУХАНИ ДИПЛОМАТИЯ ЖӘНЕ БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Экономикалық ықпалдастықтың маңызды бағыттарының бірі – туризм. Бұл сала мемлекеттердің табысын арттырып қана қоймай, халықтарды жақындастыратын, ортақ тарихи және мәдени мұраны танытатын тиімді құрал саналады. Сондықтан Қазақстан мен Өзбекстан соңғы жылдары туристік байланысты дамытуды басым бағыттардың біріне айналдырды.

Бұл ретте Түркістан облысы ерекше орын алады. Түркі дүниесінің рухани астанасы саналатын қасиетті Түркістан ғасырлар бойы күллі мұсылман әлемінің зиярат орталығы болып келеді. Ал Өзбекстанның Самарқанд, Бұхара және Хиуа қалалары – әлемдік өркениет тарихындағы теңдессіз мәдени мұралардың алтын қазығы. Осы тарихи қалаларды бір туристік кеңістікке біріктіру идеясы бүгінде нақты жобалар арқылы жүзеге асырыла бастады.

БІРЛЕСКЕН ТУРИСТІК МАРШРУТТАР – ОРТАҚ МҰРАНЫҢ ЖАҢА БЕТІ

Ақтауда өткен кеңесте Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров туризм саласындағы ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

Өткен жылдың қараша айында Түркістан облысының делегациясы Самарқанд облысына арнайы жұмыс сапарымен барып, туризм саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған болатын. Соның нәтижесінде биыл сәуір және мамыр айларында «Самарқанд – Түркістан» бағыты бойынша алғашқы екі күндік туристік турлар ұйымдастырылды.

Жобаға екі елдің алты туроператоры мен сегіз қонақүйі қатысып, туристерге ортақ тарихи бағыт ұсынылды. Бұл – Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы туризм саласындағы ықпалдастықтың жаңа кезеңі.

Бүгінде тараптар «Түркістаннан Бұхараға дейін» бірыңғай халықаралық туристік маршрутын әзірлеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Мұндай жоба іске асса, Ұлы Жібек жолының ең маңызды қалалары бір туристік өнім ретінде әлемдік нарыққа ұсынылады.

«JIBEK JOLY» МЕН « КЕРУЕН ЭКСПРЕСС» – ТАРИХИ ЖОЛДЫҢ ЖАҢҒЫРҒАН БЕЙНЕСІ

Соңғы жылдары туризм саласында қолға алынған ерекше жобалардың бірі – халықаралық маусымдық туристік пойыздардың іске қосылуы. Алматы, Түркістан, Ташкент және Самарқанд қалаларын байланыстыратын «Jibek Joly» және «Керуен Экспресс» пойыздары – жай ғана көлік құралы емес, Ұлы Жібек жолының қазіргі заманғы жалғасы.

2025 жылдың күзінен 2026 жылдың көктеміне дейін осы бағыттар бойынша 3577 турист сапар шекті. Бұл көрсеткіш әзірге бастапқы кезеңнің нәтижесі болғанымен, жобаның болашағы зор екенін аңғартады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, бірнеше елді қамтитын туристік бағыттар жеке маршруттарға қарағанда әлдеқайда сұранысқа ие. Сондықтан Түркістан, Самарқанд, Бұхара және Хиуа қалаларын бір брендпен таныту – бүкіл өңір туризмінің дамуына тың серпін береді.

1,5 МИЛЛИОН ТУРИСТ – ӨСІМНІҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШІ

Түркістан облысының туристік әлеуеті жыл сайын артып келеді. Өткен жылдың қорытындысында өңірге 1,5 миллион турист келген. Бұл – алдыңғы жылмен салыстырғанда 116 пайыздық өсім.

Бұл көрсеткіштің артуына тарихи-мәдени ескерткіштерді жаңғырту, жаңа қонақүйлердің салынуы, көлік инфрақұрылымының жақсаруы және халықаралық бағыттардың іске қосылуы ықпал етті.

Ең бастысы – Түркістан енді тек зиярат туризмінің орталығы ғана емес, мәдени, тарихи, іскерлік және халықаралық туризмді қатар дамытып отырған заманауи қалаға айналып келеді.

РУХАНИ ДИПЛОМАТИЯ – ЕКІ ХАЛЫҚТЫ ЖАҚЫНДАТАТЫН КҮШ

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы байланыстардың ерекшелігі – олардың тек экономикамен шектелмеуінде.

Қазақ пен өзбек халқы ғасырлар бойы көрші өмір сүріп, ортақ өркениетті бірге қалыптастырды. Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Әлішер Науаи, Абай, Жамбыл сияқты ұлы тұлғалардың мұрасы екі халықтың мәдени кеңістігін өзара жақындастырады.

Түркістандағы «Миромон ата» мешіті де осы рухани байланыстың жарқын белгісі ретінде бағаланады.

Білім беру, ғылым, мәдениет, жастар саясаты, архив ісі мен шығармашылық байланыстардың кеңеюі – ұзақ мерзімді серіктестіктің маңызды негізі. Экономикалық жобалар уақыт өте өзгеруі мүмкін, ал халықтар арасындағы рухани жақындық тұрақты ынтымақтастықтың берік іргетасы болып қала береді.

ТҮРКІСТАН – ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЖАҢА ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ

Соңғы жылдары қолға алынған бастамалар Түркістан облысының даму бағытының дұрыс таңдалғанын көрсетеді.

Өңір бүгінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші ғана емес, өңдеу өнеркәсібі дамыған, инвестиция тартатын, халықаралық логистикасы қалыптасқан, туристік әлеуеті жоғары және жаңа өндірістер шоғырланған аймаққа айналып келеді.

Ақтауда қол қойылған келісімдер осы үдерісті одан әрі жеделдетеді.

78 миллион долларлық жаңа меморандумдар, 234 миллион долларлық өнеркәсіптік жобалар, 73 миллион долларлық бірлескен өндірістер, халықаралық туристік бағыттар, көлік дәліздерінің дамуы және шекаралық инфрақұрылымның жаңаруы – мұның бәрі Түркістанның экономикалық келбетін түбегейлі өзгертетін факторлар.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН НӘТИЖЕСІ – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ

Кез келген халықаралық келісімнің нақты құны қарапайым халықтың өміріне тигізетін әсерімен өлшенеді. Егер жаңа зауыттар іске қосылып, жұмыс орындары ашылса, кәсіпкерлердің мүмкіндігі кеңейсе, жастар тұрақты еңбекпен қамтылып, ауыл шаруашылығы өнімдері тиімді нарыққа шықса, туризм дамып, өңірге инвестиция тартылса – онда мұндай ынтымақтастық өзінің басты мақсатына жетті деген сөз.

Ақтауда өткен Қазақстан мен Өзбекстан өңірлері басшылары кеңесінің бірінші отырысы дәл осындай нәтижелерге бастайтын маңызды қадам болды. Бұл кездесу жаңа меморандумдарға қол қоюмен ғана емес, өңіраралық ықпалдастықтың жаңа моделін қалыптастыруымен құнды.

Түркістан облысы бүгін тарихи-рухани орталық мәртебесін заманауи экономикалық дамуымен ұштастырып отыр. Осы үрдіс сақталса, алдағы жылдары өңір Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азияның инвестициялық, өндірістік, туристік және логистикалық жетекші орталықтарының біріне айналары сөзсіз.

Қазақ-өзбек достығы – ғасырлар қойнауынан жеткен құндылық. Ал бүгінгі бірлескен жобалар мен нақты бастамалар сол достықты жаңа мазмұнмен байытып, оны өңірлік дамудың қуатты қозғаушы күшіне айналдырып отыр. Түркістанның бүгінгі қадамы – тек өңірдің ғана емес, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық әріптестіктің болашағына салынған берік іргетас.

ЖҰМЫССЫЗ ЖӘНЕ NEET САНАТЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСУДА?

Жастар – кез келген мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі қозғаушы күші. Сондықтан олардың сапалы білім алып, тұрақты жұмыспен қамтылуы, кәсіпкерлікке бет бұруы және қоғам өміріне белсенді араласуы мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі саналады. Қазақстанда бұл мәселеге ерекше көңіл бөлініп келеді. Әсіресе жұмыссыз және NEET санатындағы жастарды қолдау бағытында кешенді бағдарламалар жүзеге асырылуда. Түркістан облысында да осы бағыттағы жұмыстар жыл сайын күшейіп, мемлекеттік қолдау шаралары кеңейіп келеді.



NEET – ағылшын тіліндегі Not in Employment, Education or Training сөздерінің қысқартылған атауы. Яғни бұл – жұмыспен қамтылмаған, білім алмайтын және кәсіби даярлықтан немесе қайта даярлау курстарынан өтпейтін жастар.

Бұл санатқа түрлі себептермен еңбек нарығынан тыс қалып қойған азаматтар кіреді. Олардың қатарында оқуын аяқтағанымен жұмыс таба алмағандар, оқуды ерте тастағандар, әлеуметтік жағдайына байланысты еңбекке араласа алмай жүргендер немесе еңбек нарығымен байланысы үзілген жастар болуы мүмкін.

NEET жастар санының артуы бірнеше әлеуметтік мәселеге алып келеді. Ең алдымен еңбек ресурстарының толық пайдаланылмауы байқалады. Сонымен қатар жастар арасындағы әлеуметтік тәуелділік, көлеңкелі жұмыспен қамту, миграция, құқық бұзушылық тәуекелі және психологиялық күйзеліс деңгейі жоғарылауы мүмкін. Сондықтан әлемнің көптеген елдері сияқты Қазақстанда да бұл санаттағы жастарды қолдау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналған.

Түркістан облысы – халық саны ең көп өңірлердің бірі. Мұнда жастардың үлесі де республикадағы ең жоғары көрсеткіштердің қатарында. Жыл сайын еңбек нарығына мыңдаған жас маман қосылады. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарын ашу, кәсіпкерлікті дамыту және еңбек нарығының қажеттілігіне сай мамандар даярлау жұмыстарын күшейтуді талап етеді.

Облыста жастарды жұмыспен қамту бірнеше бағыт бойынша жүзеге асырылады. Оның ішінде:

· тұрақты жұмыс орындарына орналастыру;
· жастар практикасын ұйымдастыру;
· алғашқы жұмыс орны жобасы;
· қоғамдық жұмыстар;
· әлеуметтік жұмыс орындары;
· кәсіптік оқыту;
· гранттар мен жеңілдетілген несиелер беру;
· кәсіпкерлікке оқыту;
· жастар ресурстық орталықтары арқылы кеңес беру;
· бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін өткізу.

Бұл шаралардың негізгі мақсаты – жастардың еңбек нарығына тез бейімделуіне мүмкіндік жасау.

Соңғы жылдары еңбек нарығында жастарға арналған бірқатар тиімді құралдар қалыптасты. Соның бірі – Жастар практикасы. Бағдарлама оқу орнын жаңадан бітірген түлектердің еңбек өтілін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Себебі көптеген жұмыс берушілер тәжірибесі жоқ мамандарды жұмысқа қабылдауға құлықсыз келеді. Ал жастар практикасы осы мәселені шешуге бағытталған.

Сонымен қатар «Алғашқы жұмыс орны» жобасы еңбек өтілі жоқ жастардың тұрақты жұмысқа орналасуына ықпал етеді. Бағдарлама аясында жұмыс берушілерге мемлекеттік қолдау көрсетіліп, жастардың тәжірибе жинауына жағдай жасалады.

Қоғамдық жұмыстар мен әлеуметтік жұмыс орындары да уақытша жұмыспен қамту тетігі ретінде тиімді қолданылып келеді. Бұл жастардың табыс тауып қана қоймай, еңбек тәртібін меңгеруіне, кәсіби дағдыларын жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Жастарды жұмыспен қамтудың маңызды бағытының бірі – кәсіпкерлікті дамыту.

Түркістан облысында кәсіп ашуға ниетті жастарға бизнес негіздерін оқыту, мемлекеттік гранттар, жеңілдетілген микронесиелер, консультациялық қолдау көрсетіледі. Әсіресе ауылдық жерлерде шағын өндіріс, қызмет көрсету, ауыл шаруашылығы, жылыжай, мал шаруашылығы және өңдеу салаларына қызығушылық жоғары.

Жастар кәсіпкерлігі бірнеше мәселені қатар шешеді. Біріншіден, азамат өзін-өзі жұмыспен қамтиды. Екіншіден, қосымша жұмыс орындарын ашады. Үшіншіден, жергілікті экономиканың дамуына үлес қосады.

Түркістан облысында жастармен жұмыс жүргізуде Жастар ресурстық орталықтарының қызметі ерекше орын алады. Бұл орталықтар жастарға тек ақпараттық қызмет көрсетіп қана қоймай, жұмысқа орналасуға, кәсіп ашуға, мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға бағыт береді.

Сонымен бірге психологиялық кеңес беру, құқықтық қолдау, кәсіптік бағдар беру, бос жұмыс орындары туралы мәлімет ұсыну және түрлі оқыту семинарларын ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі.

NEET санатындағы жастарды анықтау, олармен жеке жұмыс жүргізу және мемлекеттік бағдарламаларға тартуда да аталған орталықтардың үлесі зор.

Қазіргі уақытта жұмыс іздеу процесі цифрлық форматқа көшуде. Электрондық еңбек биржасы, онлайн бос жұмыс орындары платформалары және мемлекеттік қызметтердің цифрландырылуы жастардың жұмыс табуын едәуір жеңілдетті.

Сонымен қатар әлеуметтік желілер арқылы бос жұмыс орындары туралы ақпарат тарату, онлайн оқыту курстары мен қашықтан білім алу мүмкіндіктері де еңбек нарығына кіруді жеңілдетіп отыр.

Дегенмен жастарды жұмыспен қамту саласында шешімін күтетін мәселелер де жоқ емес. Ең алдымен еңбек нарығындағы сұраныс пен білім беру жүйесі арасындағы сәйкессіздік байқалады. Кейбір мамандықтар бойынша түлектер саны көп болғанымен, жұмыс орындары жеткіліксіз. Керісінше, техникалық және жұмысшы мамандықтарына сұраныс жоғары.

Ауылдық жерлердегі жастардың кәсіби бағдар туралы ақпаратқа қолжетімділігі де біркелкі емес. Кейбір жастар мемлекеттік бағдарламалар туралы толық білмейді немесе кәсіп ашуға қажетті тәжірибесі жетіспейді.

Сонымен қатар жұмыс тәжірибесінің жоқтығы, еңбек дағдыларының жеткіліксіздігі, цифрлық сауаттың төмендігі және еңбек мобильділігінің әлсіздігі де жастардың тұрақты жұмысқа орналасуына әсер ететін факторлардың бірі.

Сарапшылардың пікірінше, Түркістан облысында жастарды жұмыспен қамту саясатын одан әрі жетілдіру үшін бірнеше бағытқа басымдық беру қажет. Біріншіден, колледждер мен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының нақты сұранысына бейімдеу маңызды. Екіншіден, дуальды оқыту жүйесін кеңейтіп, жұмыс берушілердің білім беру процесіне қатысуын күшейткен жөн.

Сонымен қатар ауыл жастарына арналған кәсіпкерлік бағдарламаларын кеңейту, жаңа өндіріс орындарын ашу, цифрлық кәсіптерге оқыту және жастардың стартап бастамаларын қолдау еңбек нарығының тұрақтылығын арттыра түседі.

Түркістан облысында жұмыссыз және NEET санатындағы жастарды жұмыспен қамту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік бағдарламалар, кәсіпкерлікті қолдау тетіктері, жастар практикасы, алғашқы жұмыс орны жобасы, кәсіптік оқыту және жастар ресурстық орталықтарының қызметі жастардың еңбек нарығына бейімделуіне мүмкіндік беріп отыр.

Дегенмен өңірдегі жастар санының көп болуы бұл бағыттағы жұмысты үздіксіз жетілдіруді талап етеді. Еңбек нарығының сұранысына сай кадр даярлау, кәсіпкерлікке қолдау көрсету, жаңа инвестициялық жобалар арқылы тұрақты жұмыс орындарын ашу және NEET санатындағы жастармен жеке жұмыс жүргізу – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер ететін маңызды міндеттердің бірі болып қала береді. Осы шаралар жүйелі жүзеге асқан жағдайда Түркістан облысында жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, олардың экономикалық белсенділігін арттыруға толық мүмкіндік бар.

БІЛІМ АЛҒЫСЫ КЕЛЕТІН ЖАСТАРҒА ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласын дамыту, білім сапасын арттыруды тапсырған болатын. Бұл ретте Түркістан облысында ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің тікелей қадағалауымен қажет мамандарды даярлау, оларды жұмыспен қамту бағытында жұмыстар жалғасып жатыр.

2026-2027 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі кадрларды даярлау бойынша 15 600 орынға мемлекеттік білім беру тапсырысы бөлінді. Бүгінгі күнге 24 549 орынға сұраныс түсіп, оның 17 042-сі аудан және қала әкімдіктерінің ұсыныстары қалыптастырылды.

Құжат қабылдау 25 маусым-29 тамыз аралығында «OQU» ұлттық білім беру платформасы арқылы жүргізілуде, қазіргі таңда 5 500-ден астам талапкер қабылданды.

Мемлекеттік тапсырыс еңбек нарығының нақты қажеттілігі, инвестициялық жобалар, жұмыс берушілердің сұранысы және колледждердің мүмкіндіктері ескеріле отырып жасақталды. Ауыл шаруашылығы, ветеринария, қайта өңдеу, құрылыс, инженерлік инфрақұрылым, ақпараттық технологиялар, денсаулық сақтау, туризм және қызмет көрсету салаларындағы техникалық және жұмысшы мамандықтарға басымдық берілді.

Өткен жылы облыс колледждерін 12 619 түлек аяқтап, олардың 81% жұмыспен қамтылған. Сондықтан жаңа оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысы сапалы білім беруге, қауіпсіз оқу ортасын қалыптастыруға және әрбір түлектің мамандығы бойынша тұрақты жұмысқа орналасуына бағытталып жатыр.

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛҒАН ШАРА ӨТТІ

Түркістан облысы Полиция департаментінің ұйымдастыруымен интернет-алаяқтық қылмыстарының алдын алу, азаматтардың цифрлық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылын нығайту мақсатында кеңейтілген жұмыс жиыны өтті.

Жиынға Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасына қарасты «Жастар ресурстық орталығы» КММ басшылығы мен мамандары, жастар қоғамдық ұйымдарының өкілдері, еріктілер қозғалысының мүшелері және жауапты сала мамандары қатысты.

Кездесу барысында интернет-алаяқтық қылмыстарының өңірдегі қазіргі ахуалы, олардың алдын алу тетіктері, тұрғындардың, әсіресе жастардың цифрлық сауаттылығын арттыру бағытындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар еріктілерді профилактикалық іс-шараларға кеңінен тарту, халық арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту және мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіру мәселелері қарастырылды.

«ОТБАСЫ LIFE» ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен жас отбасылар арасында «Отбасы LIFE» атты мерекелік-танымдық сайыс жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мәресіне жетті.

Іс-шараның басты мақсаты – жас отбасыларды қолдау, отбасы институтының қоғамдағы рөлін арттыру, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрді дәріптеу, сондай-ақ жас отбасылар арасындағы татулықты, ұйымшылдықты және өзара сыйластықты нығайту.

Сайысқа Түркістан облысының әр өңірінен келген 14 жас отбасы қатысып, бес кезең бойынша бақ сынады. Қатысушылар ұлттық құндылықтарды насихаттау, зияткерлік тапсырмалар, шығармашылық өнер көрсету және командалық ойындар арқылы өздерінің жан-жақтылығы мен ұйымшылдығын көрсетті. Шара аясында көрермендерге ұлттық нақыштағы концерттік бағдарлама ұсынылды.

Сайысқа қазылық еткен әділқазылар алқасының құрамында «Түркістан Болашақ» жоғары көпсалалы колледжі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ардақ Уразымбетова, Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов және Білім қызметкерлері салалық кәсіподағының төрағасы Мырзабай Тұрысбеков болды.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды:

I орын: Қазығұрт ауданы – Туртаев Багдат пен Қарсыбаева Жадыра

II орын: Түркістан қаласы – Курганбаев Самат пен Қарсыбаева Жазира

II орын: Бәйдібек ауданы – Тузубек Дархан мен Мадиомарова Назгул

III орын: Сауран ауданы – Шайманов Дидар мен Жугинисова Арнур

III орын: Сарыағаш ауданы – Шаріпбаев Дастан мен Әбен Гүлбаршын

«Берекелі отбасы» номинациясы: Сарыағаш ауданы – Әуезхан Мадиярхан мен Алимбеккызы Калжан

«Ұйымшыл отбасы» номинациясы: Келес ауданы – Калибайев Азамат пен Маратқасым Әсемай

Жеңімпаздар арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ барлық қатысушы отбасыларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталып, олардың белсенділігі мен ұйымшылдығына жоғары баға берілді.

«Отбасы LIFE» сайысы – жас отбасылар арасындағы ынтымақ пен бірлікті нығайтып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған тағылымды жоба ретінде өз мәресіне жетті.

«ЯСАУИ ӘЛЕМІ» КВЕСТ САЙЫСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Түркістан қаласында жастар арасында тарихи-мәдени мұраны насихаттау, туған өлкенің тарихына қызығушылықты арттыру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында облыстық «Ясауи әлемі» квест сайысы ұйымдастырылды.

Сайысқа 14-35 жас аралығындағы жастардан құралған командалар қатысып, Түркістан қаласының тарихи орындарында орналасқан арнайы бекеттерде түрлі танымдық тапсырмаларды орындады. Қатысушылар өңір тарихы мен мәдениетіне қатысты сұрақтарға жауап беріп, логикалық ойлау, шапшаңдық және командалық жұмыс дағдыларын көрсетті.

Квест сайысы төрт кезең бойынша ұйымдастырылды. I кезең Түркістан қаласындағы «Farab» кітапханасында, II кезең «Алтын Самұрық» алаңында, III кезең «Керуен Сарай» туристік кешенінде, ал IV кезең Түркістан облыстық драма театрында өтті. Әр кезеңде қатысушылардың тарихи-танымдық білімі, логикалық ойлау қабілеті, тапқырлығы және уақытты тиімді пайдалану дағдылары сыналды.

Іс-шара жастардың тарихи санасын қалыптастыруға, туған өлкенің мәдени мұрасына деген қызығушылығын арттыруға және ұлттық рухани құндылықтарды насихаттауға бағытталды.

Сайыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен командалар дипломдармен, сертификаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«БІРЛІК ПЕН СЕРГЕКТІК – ТАБЫСТЫҢ КЕПІЛІ»

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ мен Түркістан қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің бірлесіп ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5574 әскери бөлімінің жастарына арналған «Бірлік пен сергектік – табыстың кепілі» атты психологиялық тренинг өткізілді.

Тренинг барысында қатысушылардың көңіл күйін көтеруге, өзара қарым-қатынасты нығайтуға және ұйымшылдықты арттыруға бағытталған түрлі психологиялық және сергіту ойындары ұйымдастырылды. Жастар белсенді қатысып, тапсырмалар арқылы бір-бірімен еркін қарым-қатынас орнатып, командалық жұмыс дағдыларын жетілдірді.

Іс-шараны Түркістан облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің «Қоғамдық даму және психологиялық көмек көрсету» бөлімінің басшысы Өміртаева Жансая Ержанқызы және Түркістан қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің маманы Өмірзақ Камола жүргізді.

Іс-шараның мақсаты – жастардың психологиялық көңіл күйін көтеру, эмоционалдық тұрақтылығын нығайту, ұжымдағы өзара сенім мен ынтымақтастықты қалыптастыру, қарым-қатынас мәдениетін дамыту және салауатты психологиялық ортаны құру.



ТАРИХИ ЖЕТІСТІК:

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕС КИЕЛІ НЫСАНЫ БҮКІЛӘЛЕМДІК МҰРАЛАР ТІЗІМІН ТОЛТЫРДЫ!

Қазақстанның рухани және тарихи мұрасы үшін маңызды жаңалық. Маңғыстау өңіріндегі Бекет ата, Шопан ата, Қараман ата, Шақпақ ата және Сұлтан Үпі жерасты мешіттері ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне ресми түрде енгізілді. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Ерлан Тынымбайұлы Қарин мәлімдеді. Тиісті шешім Корея Республикасының Пусан қаласында өтіп жатқан Дүниежүзілік мұралар комитетінің 48-сессиясында қабылданған, деп хабарлайды Abai.kz.

Маңғыстаудың жерасты мешіттері – ғасырлар қойнауынан жеткен сәулет ескерткіштері ғана емес, қазақ халқының рухани тарихын сақтап тұрған бірегей орындар. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан діни білім, ағартушылық дәстүр мен тарихи жады осы қасиетті мекендермен тығыз байланысты.

Ерлан Қариннің сөзінше, бұл нысандардың халықаралық деңгейде мойындалуы олардың тарихи маңызын айқындай түседі.

«Маңғыстаудың жерасты мешіттері тек құлшылық жасайтын орын болған жоқ. Өз дәуірінде олар білім мен ағартудың өзіндік орталығына айналды. Бұл мекендерде халқымыздың тарихи жады мен ата-бабалардан қалған аманат сақталған», – деді ол.

Маңғыстаудың қасиетті нысандарының ЮНЕСКО тізіміне енуі Қазақстанның мәдени мұрасын әлемдік деңгейде таныту ісіндегі маңызды кезең саналады. Себебі отандық тарихи нысандардың бұл беделді тізімге соңғы рет 2004 жылы – Таңбалы петроглифтері енгізілген еді.

Ал Маңғыстау мешіттерін ЮНЕСКО мұралары қатарына қосу бастамасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қолға алынған. Президент 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың Атырауда өткен отырысында осы бағыттағы жұмысты бастауды тапсырған болатын.

Енді Маңғыстаудың бес бірегей нысаны әлемдік мәдени мұраның бір бөлігі ретінде халықаралық қауымдастықтың назарында болады. Бұл шешім өңірдің туристік әлеуетін арттырып қана қоймай, тарихи орындарға апаратын инфрақұрылымды дамытуға да жаңа мүмкіндік береді.

Дегенмен ЮНЕСКО тізіміне ену – мәртебе ғана емес, үлкен міндет. Тарихи нысандарды сақтау, қорғау және келер ұрпаққа бастапқы болмысын бұзбай жеткізу ендігі маңызды мақсатқа айналады.

Қазақстанның алдында ЮНЕСКО-ның мәдени мұра тізімдеріне өзге де ұлттық құндылықтарды енгізу міндеті тұр. Атап айтқанда, Жаркент мешіті, Алматыдағы Вознесенск кафедралды шіркеуі, Қаратау петроглифтері және Абайдың «Қара сөздері» халықаралық деңгейде танылуға ұсынылмақ.

Маңғыстаудың жерасты мешіттерінің ЮНЕСКО тізіміне енуі – қазақ даласының тарихы мен руханиятының шекара асып, әлемдік мәдени кеңістіктен өз орнын тапқанын көрсететін айтулы оқиға.

ЕРЛАН ҚАРИННІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен әрі тікелей қолдауымен Маңғыстаудың жартасты мешіттері (Бекет ата, Шопан ата, Қараман ата, Шақпақ ата, Сұлтан Үпі) ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізілді. Бүгін Корея Республикасының Пусан қаласында өтіп жатқан Дүниежүзілік мұралар комитетінің 48-ші сессиясында осындай оң шешім қабылданды.

Бұл – Қазақстан тарихындағы айтулы оқиға. Өйткені, төл мәдени мұрамыз ЮНЕСКО-ның беделді тізіміне соңғы рет 22 жыл бұрын, яғни 2004 жылы қосылған болатын (2003 жылы – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, 2004 жылы – Таңбалы петроглифтері). Кейінгі жылдары ғана Президенттің бастамасымен бұл бағыттағы жұмыс қайта жанданып, жаңа деңгейге көтерілді.

Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың Атырауда өткен үшінші отырысында Маңғыстаудың жартасты мешіттерін ЮНЕСКО мұралары тізіміне қосу жұмыстарын бастауды тапсырды.

ЮНЕСКО тізімінен лайықты орын алу – біз үшін зор мақтаныш. Әрі бұл – үлкен жауапкершілік жүктейтін тарихи жетістік.

Комитеттің 48-ші сессиясында сөйлеген сөзімде атап өткенімдей, Маңғыстаудың жартасты мешіттері тек құлшылық жасайтын мекен ғана емес, өз заманында да білім мен ағартудың өзіндік орталықтары болды. Бұл жартастарда халқымыздың тарихи жады, ата-бабаларымыздың аманаты сақталған. Осылайша, ЮНЕСКО аталған нысандарды көпғасырлық рухани, мәдени, архитектуралық дәстүрлердің озық үлгісі ретінде мойындады.

Тарихи нысандардың ЮНЕСКО тізіміне енуі әлем назарын кезекті рет Қазақстанға аудартып, отандық туризмге соны серпін әкеледі. Әрі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жол ашады.

Бұл – үлкен жұмыстың басы ғана. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың Атырауда, Түркістанда, Қызылордада өткен отырыстарында ЮНЕСКО тізімдеріне ұлттық номинацияларды қосу ісін жан-жақты жандандыруды тапсырған еді. Дәлірек айтсақ, алдымызда таза ағаштан салынған Жаркент мешіті мен Алматыдағы Вознесенск кафедралды шіркеуін, Қаратау петроглифтерін, хәкім Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО тізімдеріне енгізу міндеті тұр. Біздің ендігі күш-жігеріміз осыған бағытталады.

КІТАППЕН ҚАНАТ ҚАҚҚАН ҚОС ДАРЫН

Бүгінгі таңда «Заманауи жастар неге кітап оқымайды?», «Технология дамыған сайын руханият кейінге сырғып бара жатқан жоқ па?» деген сұрақ жиі мазалайды. Жұртшылық «смартфонға телмірген буын» деп өкпе айтып жатқанда, Орал қаласынан шыққан 14 жастағы егіз ағайынды – Арлан мен Аслан Айтқалиевтер бұл пікірдің жаңсақ екенін өз істерімен дәлелдеп, балалар әдебиетіне ерекше құбылыс болып келді.

Мектеп қабырғасында оқитын жас өрендер құр бос сөзбен емес, нақты әрекетпен оқырман санасын оятуға бел байлаған. Олардың қиялынан туған «Гарольд және ЛараБель. Кітаптар патшалығы» атты ертегісі – жас буынды білім мен мейірімге, достық пен адамгершілікке шақыратын рухани темірқазық. Бір жылдан астам уақыт бойы ізденіс пен еңбектің нәтижесінде жарық көрген бұл тырнақалды туынды қазірдің өзінде отандық және халықаралық деңгейде «Балаларға арналған ең үздік кітап» атанып, оқырман сүйіспеншілігіне бөленуде.

Дарындылық аспаннан түспейді, ол – тәлім мен тәрбиенің жемісі. Арлан мен Асланның бойындағы кітапқа деген сүйіспеншілік отбасылық дәм-тұздың, үйдегі парасатты ортаның арқасында бүр жарды. Алты жасында әріп танып, әлем әдебиетінің көсегесін бұлағынан сусындаған егіздер үшін кітап оқу күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды.

Шығарманың сюжеті қазіргі қоғамдағы кітап оқуға деген қызығушылықтың бәсеңдеу мәселесін арқау етеді. Басты кейіпкерлер – Гарольд пен ЛараБель кітапханадан тапқан сиқырлы фолиант арқылы «Кітаптар патшалығына» тап болып, білім мен ізгілікті сақтап қалу жолында түрлі сынақтардан өте-ді. Соның нәтижесінде кітаптарға қайта жан бітіріп, балаларға табиғатты қорғау, достыққа адал болу және ізденімпаздық сияқты асыл құндылықтарды дәріптейтін «Білім мен ізгілік мектебін» ашады. Осы арқылы авторлар әрбір ашылған кітаптың жаңа әлемге бастар жол екенін аңғартады.

Арлан мен Асланның еңбегі мазмұнымен ғана емес, заманауи үлгіде дайындалуымен де ерекшеленеді. Ертегі қазақ, орыс, ағылшын және неміс тілдерінде жарық көріп, QR-код арқылы аудионұсқасы мен сурдоаудармасы ұсынылған. Үлкен форматта, сапалы қағазға басылған кітап жарқын иллюстрациялармен безендіріліп, балалар кітапханалары мен жас оқырмандарға арналған құнды басылымға айналған.

Тырнақалды туынды әуелде 500 данамен жарық көргенімен, оның арыны қазірдің өзінде республика шекарасынан асып түсті. Жақында өткен Еуразиялық халықаралық кітап көрмесінде кеңінен таныстырылған кітап бүгінде Қазақстанның Ұлттық кітапханасында, отандық кітап дүкендерінде, сонымен қатар Италия мен басқа да шет елдердің қорында сақтаулы.

Жас авторлардың еңбегі бүгінде халықаралық деңгейде де жоғары бағаланып



келеді. Арлан мен Аслан «Наш Андерсен» халықаралық байқауының лауреаты атанып, Goethe Institut ұйымдастырған халықаралық байқауда жүлдегер болды. Сондай-ақ Халықаралық жазушылар гильдиясының шақыртуымен Данияға жолдама алып, шетелдік оқырмандармен онлайн кездесулер арқылы кітап оқуды насихаттап жүр. Жақында Ақордада болып, Қазақстан Республикасы Президентінің жеке кітапханасына өз туындыларын тарту етуі – жас қаламгерлер еңбегіне көрсетілген зор құрмет пен сенімнің айқын белгісі.

Арлан мен Аслан әдебиетпен ғана шектелмейді. Олар кескіндемемен айналысады, гитарада ойнайды, спорттың бірнеше түрін меңгерген, ғылыми жобаларға қатысып, шет тілдерін терең меңгеруге ден қойған. Болашақта дипломат болуды мақсат еткен ағайындылар білім мен мәдениет арқылы елдер арасын жақындастыруды армандайды. Бұл жолда олар Шыңғыс Айтматовтың өмірі мен шығармашылығын өздеріне үлгі тұтады.

«Білекті бірді, білімді мыңды жығады» дейді халқымыз. Оралдық егіздердің бүгінгі жетістігі - кітаптың адам өміріндегі орнын дәлелдейтін жарқын мысал. Жас болса да ел руханиятына үлес қосып жүрген Арлан мен Асланның еңбегі өз қатарластарына өнеге, үлкендерге мақтаныш. Қазірдің өзінде жаңа шығармаларға кіріскен дарынды өрендердің болашағынан күтер үміт зор. Кітапқа деген сүйіспеншіліктен басталған бұл жолдың әлі талай биік белестерге бастайтынына сенім мол.

Асыл МЫРЗАҒАЛИЕВ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті



САЙЛАУ НАУҚАНЫНДАҒЫ БӘСЕКЕ КҮШЕЙДІ: ПАРТИЯЛАР АРАСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ АШЫҚ ПІКІРТАЛАСТАР

Қазіргі сайлауалды науқан алғашқы күндерден-ақ бұрынғылардан айтарлықтай ерекшеленіп отыр. Бұрын үгіт кезеңі көбіне ресми кездесулер мен бағдарламаларды таныстырумен шектелсе, бүгінде партиялар әлеуметтік желілерді белсенді игеріп, дәстүрлі емес ашық форматтарды пайдаланып, бәсекелестерімен ашық пікірталасқа түсіп жатыр.

Үгіт-насихат науқанының алғашқы аптасының соңына қарай партиялар өз бағдарламаларын таныстыру кезеңінен сайлаушылардың назарын аудару жолындағы неғұрлым белсенді бәсекеге көшуде. Сайлауалды науқан қарқынды әрі мазмұнды сипат ала бастады, деп жазады kaz.inform.kz.

«Әділет» партиясы бірқатар жария іс-шара өткізді. Түркістанда кәсіпкерлермен, аграршылармен және түрлі сала өкілдерімен кездесулерден кейін партия концерттік бағдарлама мен дрон-шоу қамтылған кешкі Open Air ұйымдастырды. Іс-шаралар барысында дене шынықтыру және спорт саласына қатысты мәселелер де көтерілді.



Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСДП) сараптамалық пікірталасқа басымдық беріп, сонымен бірге бәсекелестерінің бағдарламаларын ашық сынға алған алғашқы партиялардың бірі болды. Дөңгелек үстелде партия өкілдері бірқатар партия бағдарламаларының жекелеген ережелерін сынға алып, блогерлер мен шоу-бизнес өкілдерін партиялық тізімдерге енгізу мәселесіне қатысты пікір білдірді. Бұдан бөлек, партия скандинавиялық жүріс бойынша республикалық спорттық акция өткізді. Акция ел өңірлерінде жалғасады.

«Байтақ» жасылдар партиясы өз науқанын экологиялық күн тәртібі төңірегінде жүргізуді жалғастыруда. Марафоннан бөлек, партия ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін дамытуға, биоалуантүрлілікті сақтауға және табиғат қорғау заңнамасын жетілдіруге арналған сараптамалық алаң құруға бастамашылық етті. Осылайша, партия өзінің бейінді тақырыбына берік екенін көрсетті.

Қазақстан Халық партиясы (ҚХП) еңбек ұжымдарымен кездесулер барысында бәсекелестердің жекелеген ұсыныстарын сынға алды. Атап айтқанда, партия өкілдері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын мемлекеттік реттеуді жою жөніндегі бастамаларға қарсы шығып, ЖСДП бағдарламасының әлеуметтік саясат саласындағы жекелеген ережелерін де сынға алды.

«Ауыл» партиясы дәстүрлі құндылықтар мен халықпен тікелей диалогқа басымдық беруді жалғастыруда. Республикалық штабын ашқаннан кейін партия өңірлерде брендтелген киіз үйлер орната бастады. Сонымен қатар партия өкілдері әлеуметтік желілердегі тікелей эфирлерді белсенді пайдаланып, азаматтардың сұрақтарына жауап беріп қана қоймай, партиялық тізімдердің құрамы мен кадр саясатын сынай отырып, бәсекелестерімен ашық пікірталасқа түсуде.

Науқанның үшінші күніндегі ең елеулі оқиғалардың бірі «Ақ жол» мен Respublica партиялары арасындағы өзара пікірталас болды. «Ақ жол» өкілдері Respublica бағдарламасының жекелеген тезистері партия өкілдерінің іс-әрекеттеріне қаншалықты сәйкес келетініне күмән келтіріп, мәлімделген қағидаттар мен партияның кейбір мүшелерінің қоғам алдындағы бейнесі арасындағы қайшылықтарды көрсетті. Бұған жауап ретінде Respublica «Ақ жолдың» өнеркәсіптік саясат саласындағы ұсыныстарын жеткілікті пысықталмаған әрі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамтиды деп сынап, сонымен қатар отандық өндірісті дамыту жөніндегі өз көзқарасын ұсынды. Осылайша, қазіргі уақытта осы екі партия арасында ең елеулі ашық бағдарламалық пікірталас қалыптасты.

Жалпы, үгіт науқанының үшінші күні сайлау науқанының неғұрлым қарқынды кезеңге өткенін көрсетеді. Партиялар дәстүрлі емес коммуникация форматтарын барған сайын белсенді пайдаланып, танымал саяси бейне қалыптастыруға ұмтылып, бәсекелестерімен мазмұнды пікірталасқа түсуде. Нәтижесінде сайлауалды науқан мазмұнды әрі бәсекелі бола түсуде.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІН КӨТЕРІП ЖҮРГЕН ҒАЛЫМ

(Соңы. Басы 1-бетте).



Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары отызыншы жылдардағы әдеби сынның толыққанды зерттелмегенін, әдебиеттің ақтаңдақ беттерінің тасада қалғанын түсінген ғалым осы олқылықтарды кейінгі жылдары толықтырып отырды. Оның «Әдеби көркем сын», «Сын шын болсын», «Сынсонар», «Жанр», «Сын жанрлары», «Сын өнері», «Сын талқы», «Қазақ әдеби сынының тарихы», «Әдеби сын тарихы» тәрізді әр жылдары жазған еңбектері ұлттық әдебиеттану ғылымындағы әдеби сынның тарихынан толыққанды мағлұмат беретін зерттеулер екенін баса айтуымызға болады. Әдеби сын жөнінде ілгерінді-кейінді жазғандарын жинақтап, жоғары оқу орнының білімгерлеріне арнап оқу құралын ұсынды. «Әдеби сын тарихы» атты бұл еңбектің құрылымы негізгі төрт бөлімді қамтиды. «Қазақ әдеби сынының қалыптасуы» атты бірінші бөлімде әдеби сынның бастауы көне дәуір мұраларынан бермен қарай XX ғасыр басындағы алаш әдебиетіне дейінгі аралықты қамтыса, «Кеңестік дәуірдегі әдеби сын» XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап, тоқсаныншы жылдарға дейінгі кезеңмен толыққан. Соңғы бөлімде жетпіс жылға жуық уақытта қазақ әдеби сынының түрлі кезеңдерді басынан өткергеніне куә боламыз. Сынның тарихымен бірге оның көркем жанрлары бұл еңбектің мазмұнын арттырып тұр. Солардың ішінде рецензия, пародия, эпиграмма, шығармашылық портрет тәрізді түрлеріне көркем шығармалардан мысалдар келтіре отырып әдеби талдау жасаған. «Тәуелсіздік тұсындағы әдеби сын», «XXI ғасырдағы әдеби сын» бөлімдеріне тоқсаныншы жылдардың бер жағындағы әдеби сынның аяқ алысы негіз болған. Соңғы бөлімде әдеби сынға қатысты сын-зерттеу еңбектермен бірге мерзімді басылым беттеріндегі әдеби сын, рецензия, рецензия-зерттеу, ғылыми мақала, мерейтойлық мақала, шығармашылық портрет, естелік-эссе, көркем эссе, көркем очерк, әдеби сұхбат, түрлері бүгінгі әдеби сынның жай-күйінен толыққанды хабар беріп тұрғаны рас.

Ғалымның жоғарыда аталған еңбектерде тек қана әдеби сынның тарихына үңілмей, «Әдеби хабар», «аннотация», «рецензия», «мақала», «шығармашылық портрет», «әдеби шолу», «эссе» тәрізді сын жанрларына айрықша тоқталуы – әдеби сынның жекелеген жанрлары жөніндегі ізденістерінің нәтижесі болып табылмақ. Ғалымның әдеби сын жөніндегі: «Сын мен өзара сынның болуы – дамудың негізгі шарты» деген пікіріне сүйенетін болсақ, әдебиеттің ілгері дамуының негізгі көзі болғандықтан сынның әділ болуын қадағалаған жөн.

Ғалымның келесі еңбектері – ұлттық әдебиетке қомақты үлес қосқан жекелеген қаламгерлердің өмірі мен шығармашылығын арнайы зерттеген монографиялар. Олардың қатарында Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы жөніндегі «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған», Мұхтар Әуезов мұрасын зерттеудегі «М.Әуезов. Талант пен тағдыр» және «Мұхтар Әуезов хақында мақалалар», Сәбит Мұқановтың шығармашылығы туралы «Парасат пайымдары», Ғабит Мүсіреповтің суреткерлігі жайындағы «Сырбаз суреткер» тәрізді зерттеу еңбектерін атасақ та жетіп жатыр. Осы еңбектердің ішінен «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған» зерттеуінен бірер мысал келтіріп көрелік. Мәселен «Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!» өлеңі туралы Д.Ысқақұлы былай дейді: «Мағжан Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқасындағы» «саған құрбан мал мен бас» деген ойларды ары қарай дамыта, тереңдете алып кетіп, махаббаттың сиқырлы сезімінің құдірет күшін жан-дүниесімен жайып салады. Абай: «махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосыңдар» десе, Мағжан махаббатсыз көп күндерден ең асыл сезімі патшалық құрған бір күнді артық санайды. Өйткені адам – сезімімен адам. Сүйіспеншілік сезімдерінсіз адамдардан адамдық істер күтуге болмайды. Махаббат – адам өмірінің мәні». Адам бойындағы ішкі иірімдерге үңілу, оның көңіл-күй сезіміне ерекше мән беру – Мағжанның қазақ поэзиясына алып келген жаңалығы болса, ғалым сол жаңалықтың астарына үңілген.

XX ғасыр басында Мағжан ақын көтерген түрік бірлігі мен түркілік идеясы араға бір ғасыр салса да өзектілігін жойған жоқ. Мағжанның «Алыстағы бауырыма» атты он екі шумақ өлеңіне араға 80 жыл салғанда жауап ретінде жазылған қазіргі мағжантанушы Фейзуллахтың «Мағжанға жауап» атты өлеңін Д.Ысқақұлы әдемі салыстырған:

Мағжан:
Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Қуарған бәйшешектей кепкен
бауырым.
Қамаған қалың жаудың ортасында,
Көл қылып көздің жасын төккен
бауырым.

Фейзуллах:
Алыстан азабымды білген бауырым,
Жұбатып, көздің жасын жүрген
бауырым.
Отырып өзі жаудың ортасында,
Көңілді мұң-зарыма бөлген бауырым.

Фейзуллах осылайша Мағжанның әрбір жолда айтылған ойларына жауап қайтарып отырған. Мұның өзін ақын өлеңдерінің араға ғасыр салған уақытта түркі халықтарына ортақ мұра болып отырғандығының айғағы деп қабылдауға болады. Мағжан «Түркістан» өлеңіндегі «Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» деп түркі халықтарының рухын көтере жырлады. Түркі халықтарының бірігу идеясын көтерген ақын түркі халықтарын тұтас бірлікте жырға қосса, осы ерекшелікті ғалымның түрік ақыны Фейзуллахтың өлең жолдарымен салыстыруы – қазіргі мағжантануға қосылған соны үлес.

Ғалым еңбегінің ендігі бір парасы – ұлттық мәдениет пен әдебиеттану ғылымының әртүрлі мәселелері жөніндегі зерттеулері. Осылардың қатарында 2009 жылы Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша шыққан «Әдебиет айдынында» еңбегіне тоқталып көрелік. Кітаптың «Әдебиетті ұлықтағандар» атты бірінші бөлімінде Нәзір Төреқұлов, Мағжан Жұмабаев, Қажым Жұмалиев, Темірбек Қожакеев, Рахманқұл Бердібай, Зейнолла Қабдолов, Зәки Ахметов тәрізді әдебиеттану ғылымына әр кезеңде үлес қосқан ғалымдардың зерттеу еңбектері туралы таратыла сөз болады. Бұл зерттеулер мен мақалалардың барлығы жинала келіп, ұлттық әдебиеттану ғылымының өткені мен бүгінінен мол хабар беретінін ескеретін болсақ, Д.Ысқақұлы тек сынның ғана емес, әдебиеттану ғылымының да тарихын зерттеуге үлес қосып жүрген ғалым екенін баса айтқанымыз жөн. Осы ойымызды ұстазы Р.Бердібаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы «Рахманқұл Бердібаев» атты еңбегі толықтырады.

Осылардың ішінен көпшілік оқырманға кейінгі жылдары ғана таныс бола бастаған белгілі қоғам, мемлекет қайраткері, білікті дипломат, ғалым, ақын, көсемсөзші, аудармашы, тілші, баспагер, әдебиет сыншысы Нәзір Төреқұлов жөніндегі «Түркістанда түлеп ұшқан қайраткер» зерттеу-мақаласының орны. Автор Н.Төреқұловтың қазақ халқына сіңірген еңбегін санамалап, олардың әрқайсысының астарына үңіледі. Бұл тұрғыда оның XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы әдеби сынға қосқан үлесін бағамдайды. Жиырмасыншы жылдары әдеби сынға біршама араласқан Нәзірдің Сәкеннің шығармалар жөніндегі сыни пікірлері әдебиетшілерге белгілі. Ғалымның көңіл бөлгені – Сәкеннің Нәзірдің пікірлерімен келіскендігі. Осыған қарап отырып, оның ұлттық әдебиеттану ғылымына бей-жай қарай алмайтындығын аңғарсақ, тіл біліміне қосқан үлесі өз алдына бір төбе. Нәзірдің: «Біз термин іздегенде, ең әуелі қазақшадан іздейміз. Қазақшада бізге керекті термин табылмаса, бізге жақын, тілдес түрік елдерінен (араб-парсы емес) түрікше сөз іздейміз. Онан соң барып еуропасын аламыз», – деген пікіріне қарап отырсаңыз, оның қазақ тіліне славян тілінен шығыс тілінің жақын екендігіне баса назар аударғаны байқалады. Мұндай ғылыми дәлелді пікірді тіл білімінің заңдылықтарын толық меңгерген ғалымның айта алатындығы дау тудырмаса керек. Бұл тұрғыдан келгенде, Н.Төреқұлов тіл білімі саласында да өнімді еңбек еткен ғалым екенін жадымызда ұстағанымыз жөн.

«Поэзия падишасы» атты зерттеуі Мағжан Жұмабаев поэзиясынан хабар берсе, «Дарқан дарын иесі» деген мақала ұлттық әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілі Қажым Жұмалиевтің өмірі мен шығармашылығы жөнінде. Сол сияқты бұл бөлімнің мазмұны жекелеген әдебиеттанушы ғалымдардың ұлттық әдебиетке сіңірген еңбектерінің төңірегінде өрбіп отырады.



Ал, «Әдеби ойлар» деп аталатын екінші бөлімнен ұлттық әдебиеттің бүгінгі хал-ахуалын тануға негіз бар. «Өмір жырлары» атты мақалада Ә.Тәжібаевтың «Жартас» атты жыр жинағынан сыр шертсе, «Көптомдық – шығармашылық бір есеп» XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымына қомақты үлес қосқан, белгілі әдебиеттанушы ғалым, академик Р.Бердібайдың бестомдық шығармалар жинағының мазмұны мен мәнінен мол мәлімет беретін дүние.

Бұл бөлімнің мазмұнын А.Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері» (2002), Құлыншақ Кемелұлының «Дүние – ол бір көлдің қасқалдағы» (2006), Ш.Керімнің «Қазақ жұмбағы» тәрізді кітаптарына жазылған сын-рецензиялар мен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының тарихи-мәдени мәні мен гуманитарлық маңызы жөнінде мағлұмат беретін мақалалардың барлығы да қазіргі әдебиеттану ғылымының жай-күйінен хабар беретін еңбектер екенін баса айтқанымыз жөн.

Ғалымның соңғы жылдары жарық көрген «Тіл эпопеясы немесе рухани жаңғырудағы қазақ тілінің тарихи миссиясы», «Сөз – әлем әміршісі немесе рухани қуаттың қайнар көзі» атты еңбектерінде қазақ тілінің қадір қасиеті мен ұлттық құндылықтар аясында зерттелсе, «Мәңгілік майдан немесе тілдер тоғысындағы түркі әлемі», «Түркілік ортақ термин негіздері», «Тілдер тоғысындағы түркі әлемі» тәрізді монографияларында түркі халықтарының рухани бірлігі тірлік бірліктермен ұштастырыла зерттелген. Аталған түркі халықтарының бірлігі жөніндегі зерттеулерінен ғалымның түркология ғылымына сіңіріп отырған еңбегін аңғаруға болады.

2026 жылы жарық көрген «Өмір дүние дегенің... 1-ші кітап. Бақытты болам десең...» атты еңбегінің мазмұны «Өмір деген», «Өзің қандай болсаң – өмірің сондай», «Адамның күні адаммен», «Қорытынды орнына», «Өмірім жайлы», «Пайдаланылған әдебиеттер» тізімінен тұрады. Автордың 1-кітап деп отырғанына қарағанда, бұл тақырып алдағы уақытта жалғасын табатыны белгілі.

Соңғы жылдары сөз магиясын зерттеп жүрген ғалым адамзат баласының бақытты болуы оның өзіне байланысты екенін ғұламалардың пікірімен дәйектейді. «Өмір деген» тарауында өмір туралы пікірлерге сүйене отырып тұжырым жасайды. А.Құнанбайұлы, Ақтамберді жырау, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», т.б. еңбектердегі өмір туралы толғамдарға тоқталады. Жер планетасын мекен ететін 8 миллиард халықтың неше пайызы ауыл мен қалада тұратыны, әлем халықтары қай тілде сөйлейтіні, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, таза ауыз сумен қамтамсыз ету, ұялы телефондарды пайдалану, интернетке қол жетімділік, сауатсыздық, ұстанған діндері, өмір сүру жастары туралы деректерден әлем халықтарының тұрмыстіршілігі байқалса, Қазақстанды мекен еткен ұлттар туралы көрсеткішпен қазақстандық этностардың пайыздық үлес салмағы көрсетілген.

«Өзің қандай болсаң – өмірің сондай» деген тарауда «Өмірге адам болып келу – Алладан, ал өмірден адам болып өту – адамнан» дегендей, сапалы өмір сүру – бәріне бірдей берілген мүмкіндік» екенінің астарына үңіледі. Өмір туралы Абай бастаған қазақ ақындарынан өзге шетелдік И.Бродский, Ю.Мамдова, М.Бокшан, т.б. қаламгерлердің өмір туралы толғамдарының астарына үңіліп, өмірдің негізгі заңы – бумеранг екенін жан-жақты дәлелдейді. Біреуге жасаған жақсылығың да, жамандығың да, айтқан артық сөзің де күндердің күнінде өзіңе қайтып оралатынын өмірдің заңы ретінде түсіндіреді. Сондықтан, адам баласы тек жақсы сөйлеп үйренгені абзал.

«Адамның күні адаммен» тарауында өмір туралы 50 тұжырым ұсынады. Олардың ішінде түрлі мәселелер қамтылған. Мәселен, көңілді жүру, достық, қателік, қарыз, қорқыныш, тәжірибе, осалдық, ашу, тәуекел тәрізді мәселелердің барлығы да күнделікті өмірде кездесетіні белгілі. Автор адам баласы қандай жағдайда не істеу керек деген сауалдарға жауап береді. Кез келген мәселені жалғыз шешпей, жақын достарыңмен, туыстарыңмен, әріптестеріңмен ақылдаса отырып шешу – «Адамның күні адаммен» екендігі.

«Қорытынды орнына» Аристотель, әл-Фараби, Абай, Асан қайғы, Білге қаған, Махмұд Қашқари, Ахмед Иүгінеки, Құтып, Шәкәрім, Д.Қонаев, М.Мақатаев, Б.Момышұлы, Ш.Мұртаза, Қ.Мырза Әли, О.Бөкей, тәрізді қазақ ғұламалары мен Г.Маркес, С.Джобс, Л.Толстой, Д.Лама, Э.Хемингуэй, Ги де Мопассан, Марк Твен, Агата Кристи, т.б. қаламгерлердің өмір жөніндегі қағидаларын ұсынады. Мәселен, Ремарк Эрих Мария «Ең ғажап қала – ол адамның бақытты болған жері», Жак-Ив Кусто «Бақытсыздық – бұл өзіміз, ал бақыт – басқалар» деп түйіндейді. Василий Сухомлинскийдің «Рухани жағынан сұлу адамдар – бұлар ең алдымен бақытты адамдар», Ағзам Суфи Лұқпанның «Кімде-кім бақытсыздыққа шыдаса, сол бақытты» деген тәрізді өмір туралы пайымдаулары кез келген оқырманға ой салары анық.

«Өмірім жайлы» тарауында автор өзінің ата-бабасы мен өскен ортасы туралы толыққанды мәлімет берген. Балалары тұрақтамай жүрген ата-ананың бір перзентке зар болып жүргенде көрген перзенттеріне көз тимесін деп тұлым қойып, құлағына сырға тағуы – наным-сенімнің бір көрінісі ретінде суреттелген. Саңғыл бидің ұрпақтарының басынан өткен ауыртпалық қазақ халқының тағдыр тауқыметі ретінде көрінген. Екінші дүние жүзілік соғыстан әкесі Ысқақтың мүгедек болып келуі, қара жұмысқа жарамай, ұзақ жылдар мақта мен жүгері егістігінің қарауылы болуы соғыстың зардаптары мен аға буынның ауыр тағдырын есімізге салады. Атеизм салтанат құрып тұрған заманда бес уақыт намазын тастамаған жанның өмірінен ислам дініне деген адалдық қана емес, өмірге деген құштарлық байқалады. Үнемі ат үстінде жүретін әкесінің қолынан қамшысының түспеуінен қазақ халқының ер балаларды ержүрек, батыр болсын деп ат үстінде баптайтыны байқалса, қамшы – ерліктің қайсарлықтың белгісі ретінде танылады. Оны Ысқақ атамыздың 80 жасқа дейін көкпар тартқанынан көреміз.

Анасы Рсалды Шерімбетқызының өміріне қатысты Теріскейдің Үштөбесін малы ен жайлаған Шерімбеттің малы жұтқа шалдығып, Сыр бойына қарай ойысуы өткен тарихымыздан хабар береді. Ауқатты ата-ананың алдында өскен ерке қыз он үш жасында ұзатылып, бір үйдің тұңғышына тұрмысқа шыққан соң есейіп шыға келеді. Жаңадан құрылған ұжымшардың бар бейнетін көтере жүріп 12 құрсақ көтерген ананың тағдыры – қазақ өмірінің бір қыртысы.

Отырардың қасындағы қару-жарақ жасайтын Пышақты ауылында туып өскен Дандай ағамыздың мектепке баруы да ұзақ әңгіме. Жеті жасында бір тоқсан өткен соң мектепке барған бала өз замандастары тәрізді қара күзге дейін әкесінің қасында тарыдағы торғайды қуып жүруі – әкеге деген көмегінің, ертеректе салынған мектептің бір бөлмесінің төбесі құлап ортаға түсуі, жаз бойы ауылдағы бар баланың мыңнан кірпіш құйып мектеп салуға көмектесуі – 1957 жылдардағы елдің әлеуметтік тұрмысының көрінісі. Автордың мектептегі ұстаздары, сыныптастары, ауылдастары, ЖОО курстастары, ғалым-ұстаздары туралы әңгімелері есте сақтау жадын танытады. 80 жасқа дейінгі өткен өміріне есеп берген автор өзінің осы уақытқа дейін атқарған еңбектерін санамалап көрсетеді. Жарық көрген отыздан аса кітап, жеті жүзден аса мақала – ғалымның өмір бойғы тынымсыз еңбегінің көрсеткіші. Осы қыруар еңбектің арқасында Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Халықаралық Айтматов академиясының, ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының толық мүшесі болды. Түркология саласындағы аса зор жетістіктері үшін Күлтегін атындағы сыйлығы мен бірнеше мемлекеттік марапаттарды иеленіп, Іле педагогикалық университетінің құрметті профессоры (Қытай, 2016), Түркістан облысы Отырар ауданының Құрметті азаматы атануы – ғалым еңбегінің отандық және халықаралық деңгейде бағалануы.

Кітаптың соңындағы «Пайдаланылған әдебиеттер» тізіміндегі екі жүз бетке жуық еңбекті жазып шығу үшін екі жүзден аса әдебиетті пайдаланғанынан автордың көп ізденгенін байқауға болады. «Бабалар сөзі», «Бес ғасыр жырлайды», Әл-Фараби, А.Құнанбайұлы, Ш.Уәлиханов, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамедұлы, Х.Арғынбаев, А.Айталы, А.Ахмади, т.б. көптеген отандық ғұламалармен бірге шетелдік қаламгерлердің пікірлеріне сүйене отырып ой қорытуынан ғылымға деген адалдықты көреміз. Сонымен бірге ғалым мерзімді басылым беттері мен әлеуметтік желілердегі түрлі деректерді пайдаланған.

Жоғарыда сөз болған еңбектерден байқағанымыздай, Дандай Ысқақұлы – қазіргі ұлттық әдебиеттану ғылымына белсене араласып, өз пікірін ғылыми тұрғыда дәлелдеп жүрген ғалымдардың бірі. Ол мәдениет, әдебиет, тіл білімі жөніндегі мәселелерге өткір араласып жүрген ғалым ретінде елге кеңінен танымал. Соңғы жылдары түркітілдес елдерге ортақ тілдік мәселелерді жиі көтеріп, сонымен тыңғылықты араласа бастағанын ескеретін болсақ, бұл – жоғарыда өзі зерттеген алаш әдебиетіндегі түркілік идеямен өзектесіп жатқан мәселе. Ол қазіргі таңда XXI ғасыр басындағы түркі халықтарына ортақ мәселелерді қозғау арқылы түркі бірлігін көтеріп жүрген ғалым ретінде қыруар шаруа тындыруда.

Гүлжаһан ОРДА,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері,
Тәуелсіздік дәуірдегі әдебиет және көркем публицистика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы.

ҚАЗАҚЫ ҚАЛЖЫҢДАР



Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
жазушы-режиссер,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Теміржол бекетіндегі әңгіме

Шымкентке бармақ болып, Алматының екінші теміржол бекетіне келдім. Кассаның алдында бес-алты жолаушы кезек күтіп тұр екен.

– Шеті кім болады? – дедім орта жастағы әйелден жөн сұрап.

– Кезекті сұрап тұрсыз ба? – деді әлгі әйел. – Көті менмін.

– Көті сіз болсаңыз, сіздің артыңыздан тұрайын.

Үлкені бар-кішісі бар біздің біртүрлі сөзімізге мырс-мырс етті.

– Өлә, – деді әлгі әйел ернін сылп еткізіп. – Онда тұрған не бар? Біздің Шымкентте арты дегенді көті деп айта береді. Қазақ батырларының арасында Көтібар деген бар емес пе? Шымкент жақта бір сөзді, табанының бүдірі бар мықты жігітті мына азаматтың көті шыдамды екен деп құрметтейді.

Билеттің кезегінде тұрған келіншектің мына сөздеріне бәріміз мырс-мырс етіп күлдік. Енді бәріміз кәдімгідей ойланып қалдық...

Қаттырақ итерсеңіз кіріп кетеді

Осыдан үш-төрт жыл бұрын «Яндекс такси» онша дамымаған, таксиге қол көтеріп, көлікке міне беретінбіз. Күздің жаңбырлы күні Алматы әуежайына бармақшы болып, дәл мен тұратын көп қабатты үйлердің жанындағы Саин даңғылына шығып, көлік күтіп тұрдым. «Іздегенге сұраған» демекші, дәл жаныма судай жаңа «Мерседес» екпіндетіп тоқтай берді.

– Аға, қайда барасыз? – деді жүргізуші машинасының терезесін ашып.

– Әуежайға.

– Біз де сонда бара жатыр едік, менің жаныма отырыңыз, – деп есігін аша берді.

– Аға, «Сақтықта қорлық жоқ» деген, сақтандыру белдігін тағып алыңыз. Қызыл жағалы ағайындар көріп қалып, айыппұл салып жүрер, – деді жүргізуші ескерту жасап.

Мен сөзге келместен жалпақ қара белдікті тағып, темірден жасаған ұшын тетікке жалғайын десем, кірмейді.

– Бауырым-ау, мынауың кірмей жатыр, әрі-бері шұқылап көрдім, болатын емес, – дедім әрлі-берлі қозғалақтап.

– Ағасы, қаттырақ итерсеңіз кіріп кетеді ғой.

Таксидің артқы орнында отырған әйелдің сөзінен соң, белдіктің темір ұшын қаттырақ итеріп жіберіп едім, лып етіп кіріп кетті.

– Рахмет, қарындас, тәжірибеңіз бар екен. Сіз айтқандай, қаттырақ итеріп едім, дәл кірді, – дедім басымды иіп.

Менің бұл сөзіме жаңадан бері үнсіз отырған жүргізуші мырс етіп күліп жіберді.

– Әй, еркектер-ай! Сендер бар ғой, шеттеріңнен арамсыңдар, ойларың да арам, – деп әдемі келіншек басын шайқады.

Бір жақсысы, дауысы зілді шықкан жоқ, әзілі басым еді. Сол-ақ екен, салон іші жадырап, әңгіміміз жарасып жүре берді.

Туып қалатын болдым

Бүгін 10 жыл оқыған мектеппен, білім берген ұстаздармен, бірге оқыған сыныптастармен қоштаспақпыз. Бәрімізге орта білім алған туралы аттестат салтанатты түрде тапсырылып, мектепті бітіруге арналған кешіміз де тамаша өтті. Бәріміз жұбымызды жазбай ауылдың жанындағы көлдің жағасында арайлы таңды бірге қарсы алуды ұйғардық. Бұл алыстап кеткен 1966 жылдың мамыр айы болатын.

Таңның алдында менімен он жыл бірге оқыған Кеңескүл деген ақ бантикті қызбен оңашалау қалып, сырласып, әңгімелесіп отырмын. Ол сегізінші кластан бері жақсы көретін бала махаббатым еді. Бұрын жанына жақындап, сөз айтудан қорқатын мен бүгін батылданып, қолынан ұстап, бетінен сүйіп алдым. Жаңа ғана монтиып отырған Кеңескүл орнынан ұшып тұрды.

– Дархан, не істедің сен? Бәрін бүлдірдің ғой! Апам: «Жігіттің қолынан ұстама, бетіңнен сүйдірме», – деп қатты ескертіп еді. Мен бала туып қалып, масқара болатын болдым.

Бала махаббатымның боталаған көзін, үрей шалған жүзін көріп, мен де қорқып кеттім... Осы сәтте: «Дархан, Кеңескүл, неге состиып тұрсыңдар? Әне, арайлы таң атып келеді. Жүріңдер, бірге қарсы алайық!» – деген Сәуле сыныптасымыздың көңілді, жарқын дауысы бұзып жіберді. Кеңескүл екеуміз әлі де бір-бірімізге күдікпен қарап, Сәуленің соңынан ере бердік.

Сыбаға

Қазақ теледидарында қызмет атқаратын белгілі журналист Өмірсерік Жұмановтың үйіне ел жақтағы ағайындары біршама ет әкеліп тастайды. «Қазақы бала – бала емес» демекші, Өмірсерік сойылған қойдың басын қалай үйітерін, соғымдық жылқының жарты етін қалайша бөлшектерін білмей, әбден әбігерге түседі. Төбе болып үйіліп жатқан етті тез жайғап тастамаса, бұзылып кететін түрі бар. Ертесіне жұмысқа келгенде соны ойлап, басы қатып отырды.

– Өмірсерік, жүз доллар жоғалтып алғаннан саумысың? Бірдеңеге қатты алаңдап отырсың ғой, – дейді мұны аңғарып қалған Рыскүл деген әріптесі.

Балажанды, ақ көңіл Өмірсерік осындай да, осындай деп барлық жағдайды айтып береді.

– Осыған бола басыңды қатырып жүрген сен де қызық екенсің, – дейді Рыскүл күліп. – Қойдың басын өткір үлкен қайшымен тықырлап қырық та, газдың қалпақшасын алып таста, сонда ғана бас біртегіс үйітіледі. Ал, жылқының ірі сүйектерін балғамен тарсылдатып шауып, көршілеріңді шошытқың келмесе, кәдімгі қол арамен аралап бөлуге болады.

Қызметтес келіншектің кеңестерін миына әбден тоқып алған Өмірсерік жұмыстан келісімен, бүкіл етті жайғастырып, тұздап тастайды. Бұған Өмекеңнің келіншегі таңтамаша қалады.

– Қолың қолыңа жұқпайды ғой өзіңнің. Ет жайғағанды бір күннің ішінде кімнен үйреніп жүрсің? – дейді ол.

Келіншегінің сырын Құдай қосқан қосағы жақсы біледі, барып тұрған қызғаншақ, қараптан-қарап жүріп, кейде ызыңдаған шыбыннан да қызғанатыны бар. Осының бәрін қызметтес Рыскүл деген келіншек үйретті деп шынын айтса, сау басына сақина тілеп алмақ.

– Бізде Рысбек деген жігіт бірге қызмет атқарады. Өзі ет жайғаудың нағыз шебері екен, соның айтқанымен жайғастырып жатқаным ғой, – дейді Өмірсерік.

Арада бір апта өткен соң, Өмекең бірнеше адамның басын қосып, соғым басын бермек болады.

– Өмірсерік, бірге жұмыс атқаратын әлгі Рысбек деген әріптесіңді де қонаққа шақыра салайық. Ол болмаса қолдағы етті бұзып алар едік, – дейді Өмекеңнің келіншегі. Бұл ұсыныстан Өмірсерік шошып кетеді.

– Керегі жоқ! – дейді ол азар да безер болып. – Рысбектің етті жақсы жайғайтынына ешбір дау жоқ. Бірақ, аузына сәл арақ тисе, мінезі шатақ құсайды. Ішіп алып, есік-тереземіді бұзып жүрер...

Камал жіберген 50 сом

«Қазақ әдебиетінде» қызмет атқаратын белгілі ақын-жазушылар Кеңшілік Мырзабеков пен Сейітқазы Досымов бір бас қосуда шамадан тыс сілтеңкіреп жіберіп, ертесіне бастары ауырып, жұмыста әрең отырысады.

Бас жазайын десе, екеуінің де



қалтасында көк тиын жоқ. Жайшылықта бір ашылып, бір жабылып, тыным көрмейтін үлкен есік те бүгін тым-тырыс. Екі достың осылайша онша мазасы болмай отырғанда, «Алатау» телеарнасында редактор болып қызмет атқаратын Жұмаш Кенебай жирен мұртын шиырып кіріп келеді.

– Жұмаш, – дейді Кеңшілік амансаулықтан соң. – Бас жазатын бірдеңең бар ма? Сейітқазы екеуміз сәл болмаса өлгелі отырмыз.

– Сендерден аяғанды ит жесін, – дейді Жұмаш. – Бүгін менің де қалтамда көк тиын жоқ еді. Дегенмен, біреуге телефон қоңыраулатып, қарыз сұрап көрейін.

Жұмаш көк көзін көкшитіп, қалтасынан бір шеті жыртыла бастаған блокнотын қолына алып, шұқшия қарай бастайды.

– Кімнен қарыз сұрасам екен, – дейді Жұмаш қойын кітапшасын әрі-бері парақтап. – Еңліханда ақша жоқ. Саниязбекте бар болса да бермейді... Ә, таптым, ең дұрысы Камал ағадан сұрап көрейін.

Сол жылдары теледидар және радио хабарлары жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы Камал Смайылов болатын. Бүкіл Республикаға аты белгілі, беделді адамның атын естігенде, Кеңшілік пен Сейітқазы кәдімгідей шошып қалады.

– Жұмаш, үлкен адамнан ұят болып жүрмесін, – дейді Кеңшілік.

– Иә, иә, ыңғайсыз болып жүрер. Басқа біреуден сұрағаның жөн болар, – дейді Сейітқазы да екі көзі жыпылықтап.

– Камал бөтен емес, өз ағам ғой, – деп Жұмаш телефон сандарын тез-тез теріп, сөйлесе бастайды.

– Камал аға, Мен Жұмашпын. Жазушылар үйінде тұрмын. Сізде бар болған соң сұрап тұрмын, маған 10 сом өте қажет болып тұрғаны. Иә, шопырдан беріп жібергеніңіз дұрыс болар еді. Мен шыға берісте күтейін.

Телефон тұтқасын қойып жатқан Жұмашқа Кеңшілік пен Сейітқазы мынауың нағыз жүрек жұтқанның өзі ғой дегендей, таң қала қарап қалады.

– Үшеумізге екі жартылық жете ме? – дейді Жұмаш сыртқа қарай бет алып.

– Жетеді, жетеді, – дейді бастары сынып отырған екі дос жерден жеті қоян тапқандай қуанып.

Жұмаш сыртқа шығып кеткенде, Кеңшілік басын шайқап, таңдайын қағады.

– Біз қарызға ақша сұрамақ түгіл, Шерхан ағаның жанына жақындай алмаймыз. Ал, Жұмаш Камал ағадан шопыры арқылы ақша алдырады. Нағыз демократия деп осыны айт!

Марқұм ақкөңіл Кеңшілік пен Сейітқазы Жұмаштың бұл «ерлігін» көпке дейін ауыздарынан суы құрып айтып жүрісті.

Әлгі он сомды шопыр арқылы беріп жіберген жомарт «көкенің» ұйғыр редакциясының меңгерушісі, журналист Камал Васильев екендігін Кеңшілік те, Сейітқазы да, әрине, білген жоқ.

2026 жылдан бастап қоршаған ортаға эмиссиялар үшін
ТӨЛЕМАҚЫНЫҢ БЮДЖЕТ СЫНЫПТАМАСЫНЫҢ КОДЫ ӨЗГЕРДІ

Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы салық төлеушілердің назарына 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қоршаған ортаға теріс әсер ететін эмиссиялар үшін төлемақыны төлеу кезінде қолданылатын бюджет сыныптамасының кодының өзгергенін хабарлайды.



Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына енгізілген өзгерістерге сәйкес, бұрын қолданылған 105316 бюджет сыныптамасының кодының орнына 404101 бюджет сыныптамасының коды енгізілді.

Осыған байланысты қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақыны есептеу және төлеу кезінде салық төлеушілер төлем құжаттарында жаңа БСК 404101 кодын көрсетуі қажет. Төлем құжаттарында ескі кодты көрсету төлемдердің дұрыс есепке алынбауына, сондай-ақ салық міндеттемелерін орындау барысында қиындықтардың туындауына әкелуі мүмкін.

Салық төлеушілерге төлем тапсырмаларын рәсімдеу кезінде реквизиттердің дұрыстығын мұқият тексеру ұсынылады. Бұл бюджетке төленетін төлемдердің уақтылы және дұрыс есепке алынуын қамтамасыз етеді.

Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақыны төлеу кезінде 2026 жылдан бастап қолданысқа енгізілген 404101 бюджет сыныптамасының кодын қолдану қажеттігін еске салады.

Қосымша ақпарат алу үшін салық төлеушілер Мемлекеттік кірістер органдарына жүгінуіне болады.

Э. ХАСАНХАНОВА,
Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы

Әділет
zhangyru@mail.ru

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ
(Алматы)

Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН
(Астана)

Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70, +7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.

* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).

Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.

Айына үш рет жарық көреді.

Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы

Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 1539.

ТЕМІРЖОЛДЫ ТАҢДАҒАН ТЕКТІЛЕР

Очерк

(Соңы. Басы 1-бетте).



ТЕМІР ЖОЛ – ТАҒДЫР

Жалпы, Ахметовтер әулетінің тарихы – қызметтік сатылар мен марапаттардың тізбегі ғана емес. Бұл – ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасқан еңбекке деген адалдықтың, кәсіпке деген құрметтің, маңдай термен жазылған өмір шежіресінің айқын көрінісі. Теміржол олар үшін жай ғана мамандық емес, әке аманаты, отбасының тағдырын тоғыстырған өмір жолына айналды.

Сол тағылымды тарихтың екінші буынының өкілі, Төлеухан Ахметовтің ұлы Кендай Ахметов әулеттің бастау алған жылдарын ерекше толқыныспен еске алады.

– Біздің әулеттегі теміржолшылар шежіресінің алғашқы парағын ашқан – Жолтүс ағамыз, – дейді ол. – Бұл соғыстан кейінгі ел еңсесін тіктей бастаған 1948 жыл еді. Жолтүс ағамыз сол кезде Орта Азия мен Сібірді жалғаған даңқты Түрксіб магистралінің Мойынты – Шу телімінде еңбек етті. Оның теміржолға деген сүйіспеншілігі мен табандылығы соңынан ерген інілері – Төлеухан мен Жөкішке де үлгі болды. Екеуі де көп ойланбастан ағалары салған сара жолды таңдады.

Осылайша бір әкенің үш ұлы теміржол тағдырын ортақ тағдырға айналдырды.

Кендай Ахметовтің өзі де бала күнінен пойыздың гүрілі мен рельстің сыңғырын естіп өсті. Сондықтан оның өмір жолының да теміржолмен тоғысуы заңдылық еді. Еңбек жолын 1969 жылы ШЧ-19 белгі беру және байланыс дистанциясында электромонтердің шәкірті болып бастады. Жас маман алғашқы күннен-ақ жұмысқа ұқыптылығымен, ізденімпаздығымен көзге түсті. Кейін электромеханиктерге арналған бір жылдық арнайы курсты тәмамдап, Арқадағы Шешенқара станциясына қызметке жіберілді. Алайда еңбек жолын уақытша үзіп, азаматтық борышын өтеуге әскер қатарына шақырылды.

Әскерден оралған соң да туған кәсібінен қол үзген жоқ. Қайта білімін жетілдіріп, тәжірибесін молайтуға ден қойды. Алдымен Алматы теміржол техникумын, кейін Алматы теміржол көлігі инженерлері институтын аяқтап, өндірістегі әрбір баспалдақты адал еңбегімен бағындырды. Жылдар өте келе тәжірибелі басшы ретінде Астана энергиямен жабдықтау дистанциясына жетекшілік етті. Елорданың теміржол инфрақұрылымын дамытуға он алты жыл бойы сүбелі үлес қосып, абыроймен зейнет демалысына шықты.

Теміржол оған тек мамандық пен мансап қана сыйлаған жоқ. Өмірінің ең қымбат сыйын да осы қасиетті сала тарту етті. Сымдар тартылған кең далада, тоқтаусыз ағылған пойыздар мен тынымсыз еңбек ортасында ол болашақ жары Күләнмен танысты. Екі жастың таныстығы жарасымды шаңыраққа ұласып, ортақ өмір жолы дәл теміржол бойынан басталды.

БЕКЕТТЕН БАСТАЛҒАН БАСПАЛДАҚ

– Отбасылық өміріміздің алғашқы жылдары шағын ғана бекетте өтті, – деп еске алады Кендай Ахметов. – Теміржол бойындағы кіп-кішкентай үйіміз айналасы көз жетпес меңіреу дала болатын. Бір бағытта он шақырым, екінші бетте он екі шақырымға дейін елді мекен жоқ. Кейде күнделікті нанның өзін пойыз машинистері жеткізіп беретін. Бірақ сол қиындықтардың ешқайсысы бізді қажытқан емес. Барлығын бірге еңсердік. Ешқашан тағдырға өкпе айтып көрген емеспіз.

Арқаның ақ түтек бораны мен қақаған аязы, жаздың аптап ыстығы мен сарғайған сайын даласы оларды шыңдап қана қойған жоқ, отбасының ынтымағы мен сүйіспеншілігін бұрынғыдан да бекемдей түсті. Теміржолдың тынымсыз тіршілігіне бейімделген жас отбасы әр күннің қуанышы мен қиындығын бірге қарсы алды. Сирек кездесетін мерекелер де, ұзақ түнгі кезекшіліктер де, табиғаттың тосын мінезі де олардың өмірінің ажырамас бөлшегіне айналды.

Күләннің де бұл салаға келуі кездейсоқ емес еді. Анасы кезінде аты аңызға айналған Түрксіб құрылысына қатысып, теміржол тарихының бір бөлшегіне айналған жан болатын. Ал Күләннің өзі бұл қасиетті салада қырық бес жыл бойы адал еңбек етіп, кәсібіне деген шексіз жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсетті. Осылайша екі әулеттің теміржол тағдыры бір шаңырақ астында тоғысты.

Жас отбасының алғашқы Жаңа жылды қалай қарсы алғаны да күні бүгінге дейін ұмытылмайтын естелікке айналыпты. Олар мерекені бекеттен он шақырым жердегі туған-туыстарының ортасында өткізуді жоспарлаған. Алайда Арқаның аяқ астынан долданатын ақ бораны мен азынаған желі жолды жауып, мерекелік сапарға мүмкіндік бермейді. Табиғаттың тосын мінезі жоспарларын өзгерткенмен, олардың өмірге деген құлшынысын да, бір-біріне деген сенімін де әлсірете алған жоқ. Сол күндер кейін отбасының ең қымбат, ең ыстық естеліктерінің біріне айналды.

ТЕНТЕКТІ ТЕЗГЕ ТҮСІРГЕН ТҰЛҒА

Өмір болған соң оның ойы мен қыры болмай тұрмайды. Бірде Ахметовтер әулетінің де жүрек дүрсілін үдеткен, ұмытылмас бір оқиға орын алады.

Күн еңкейіп, айналаны кешкі тыныштық жайлаған шақ. Кең даланы үнсіздік билеп тұрған. Кенет сол мамыражай қалыпты ескі көліктің гүрілдеген дауысы бұзып өтті. Аздан соң шаңға көміліп жеткен әскери жүк көлігі Ахметовтер шаңырағының дәл алдына келіп тоқтады.

Көліктен әскери киім киген алты адам түсті. Үстері шаң-тозаң, жүздері қажыған. Жан-жағына алақ-жұлақ қарап, әлденеден секем алғандай әр қимылын сақтықпен жасайды. Олардың бұл жүріс-тұрысы-ақ жай жолаушы емес екенін аңғартқандай еді.

Алайда қазақы тәрбиемен өскен Кендай мен Күләң бейтаныс жандарға күдікпен емес, қонақ ретінде қарады. Дала заңы бойынша алыс жолдан шаршап келген адамға ас ұсынып, шай құю – бұлжымас дәстүр. Үй иелері келгендерді төрге шығарып, алдына дастарқан жайып, ыстық тамақ беріп, буы бұрқыраған шай ұсынды.

Бірақ жақсылыққа жақсылықпен жауап қайтудың орнына күтпеген жағдай болды. Тамақтанып болған соң әлгі әскери адамдардың бірі аяқ астынан Күләннің өздерімен бірге жүруін талап етті. Үй ішін ауыр үнсіздік басты.

Осы сәтке дейін сабыр сақтап отырған Кендай орнынан баяу ғана көтерілді. Сырт көзге байсалды көрінгенімен, оның бойында қайсар мінез бен қайрат қатар тұрған. Келесі сәтте бәрі көз ілеспес жылдамдықпен өрбіді. Еркін күрестің шебері қарсы алдындағы төртеуін әп-сәтте қағып түсірді. Күтпеген қарсылыққа тап болған қалған екеуі сыртқа қарай безе қашты.

Олардың бірі абыр-сабырда әскери көлікке секіріп мініп, жанұшыра қозғалтқышты от алдырады. Алайда асығыстықтың салдарынан рөлге ие бола алмай, машина екпінімен үйдің киреберіс верандасына барып соғылады. Сол сәтті пайдаланған Кендай әлгі адамды да қолға түсіріп, қашып кетпейтіндей етіп байлап тастайды.

Оқиға өршіп жатқан мезетте Күләң бір сәт те абдырап қалмай, дереу басшылыққа телефон шалып, болған жағдайды хабарлап үлгереді. Ал алтыншы адам қараңғылықты паналап, көзден ғайып болады.

Кейін белгілі болғандай, үйге келгендердің қарапайым әскери қызметкерлер емес екені анықталды. Олар әскери бөлімнен қаруымен қашып кеткен дезертирлер болып шыққан.

Ал олар өздері тап болған шаңырақ иесінің кім екенін мүлде білмеген еді. Кендай Ахметов – еркін күрестен спорт шебері, кезінде Германиядағы Кеңес әскерлері тобының абсолютті чемпионы атанған, қайсарлығы мен күш-қайраты қатар жарасқан азамат болатын. Ол үшін отбасының амандығы мен шаңырақтың абыройын қорғау – ешқашан ымыраға келмейтін азаматтық парыз еді.

Көп ұзамай оқиға орнына әскери бөлімнің өкілдері жетті. Қолға түскен бес дезертир тәртіп сақшыларына тапсырылды. Ал бір сәтте бүкіл отбасының тағдырын өзгертуі мүмкін болған бұл оқиға Ахметовтер әулетінің жадында батылдықтың, сабырдың және туған шаңырақты қорғаудың ұмытылмас үлгісі болып мәңгі сақталып қалды.

БІЛІКТІЛІК ҺӘМ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Кендай ағаның аңғарымпаздығы мен кәсіби біліктілігін, әр іске асқан жауапкершілігі мен темірдей тәртібін дәлелдейтін мұндай мысалдар аз емес. Тағы бірде тағдыр оны бір ғана сәттік шешімнің жүздеген адамның өмірін арашалап қалатын сын сағатына алып келеді.

– Бұл оқиға өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының соңында болды, – деп еске алады Кендай Ахметов. – Ол кезде мен №19 белгі беру және байланыс дистанциясында еңбек ететінмін. Ай сайын арнайы бригада болып теміржол телімдерін аралап, бағдаршамдардың, сигнал беру құрылғыларының және жол бойындағы техникалық жабдықтардың жай-күйін тексеретінбіз. Қай жерде бағдаршамның линзасы қисайған, қай тұста шамның жарығы әлсіреген – бәрін мұқият қарап, ақауларды тіркеп, қалпына келтіру біздің күнделікті міндетіміз еді. Сол күн де әдеттегі жоспарлы тексерістердің бірі сияқты басталған.

Тексеру аяқталып, кері қайтып келе жатқанда пойыз ұзақ өрге көтеріле бастады. Дәл осы сәтте машинист тепловоздың салқындату жүйесіндегі судың температурасы қалыпты деңгейден асып бара жатқанын байқайды. Температура көрсеткіші тоқсан градустан жоғары көтерілген. Егер жүз градусқа жетсе, қозғалтқыштың істен шығуы ғана емес, аса ауыр апаттың орын алу қаупі туындайтын еді.

Жағдайдың күрделілігін бірден бағамдаған машинист көмекшісіне радиатордың реттеу тетігін бұрап, салқындату жүйесін қалыпқа келтіруді тапсырады. Көмекшісі кабинадан түсіп кеткенімен, ұзақ уақыт оралмай қояды. Амалы таусылған машинист оның соңынан өзі түсіп кетеді. Ал қозғалысын тоқтатпаған тепловоз кабинасында Кендай жалғыз қалады.

Алда еңісі мол қауіпті учаске мен өткір бұрылыс бар болатын. Кенет жол жиегінен бір теміржолшы жанталаса жүгіріп шығып, үстіндегі күртесін бұлғап, бар дауысымен тоқтау белгісін береді. Сол бір қас-қағым сәтте Кендай көп ойланған жоқ. Жылдар бойы қалыптасқан тәжірибе мен кәсіби түйсік бір мезетте шешім қабылдатты. Ол дереу шұғыл тежеу жүйесін іске қосты.

Тепловоз доңғалақтарының астына автоматты түрде құм себіліп, тежегіш жүйесі барынша іске қосылды. Ауыр құрам сықырлай тежеліп, екпінін баяулата бастады.

Осы кезде кабинаға абыржыған машинист қайта жүгіріп кірді.

– Не болды? Неге пойызды тоқтаттың? – деп дауыстады ол.

Кендай ештеңе деместен алға қарай қолын созды.

– Ана жаққа қараңыз...

Машинист көз салғанда ғана жағдайдың қаншалықты қауіпті болғанын түсінді. Тепловоздың дәл алдында бірнеше метр жерде рельс жолы қысылып, қисайып қалған екен. Жөндеу бригадасы ақауды толық қалпына келтіріп үлгермеген болып шықты.

Егер пойыз сол жылдамдықпен тағы бірнеше секунд жүре бергенде, ауыр құрам рельстен шығып кетуі әбден мүмкін еді. Ал алда еңіс пен күрт бұрылыс тұрғандықтан, оның салдары адам айтқысыз апатқа ұласар еді.

Сол күні жүздеген адамның тағдыры бір ғана адамның қырағылығы мен батыл шешіміне тәуелді болды. Кендай Ахметов ешқандай ерлік жасадым деп есептеген емес. Ол мұны теміржолшының күнделікті міндеті, кәсіби жауапкершілігі ғана деп қабылдады. Алайда дәл осындай жауапкершілік пен сергектік теміржолдағы қауіпсіздіктің ең басты кепілі екенін өмірдің өзі әлдеқашан дәлелдеп қойған еді.

ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІП – ТЕМІРЖОЛДЫҢ ТІРЕГІ

– Теміржол – тәртіпке ғана сүйеніп өмір сүретін сала. Мұндағы талап әскери қызметтің жарғысынан бір мысқал да кем емес, – дейді Кендай Ахметов әңгімесін сабақтап. – Бұл кәсіпте әрбір қызметкер ережені бес саусағындай білуге міндетті. Онсыз біліктілік емтиханынан өту де, жауапты қызмет атқару да, ең бастысы – адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету де мүмкін емес. Жарғы – қағаз жүзіндегі талаптардың жиынтығы ғана емес. Ол – теміржолдағы бүкіл тәртіптің, жауапкершіліктің және қауіпсіздіктің темірқазығы.

Кендай аға бұрынғы теміржолдағы талаптың қаншалықты қатал болғанын ерекше тебіреніспен еске алады.

– Бір кездері пойыздың небәрі он бес минутқа кешігуінің өзі үлкен тәртіп бұзушылық саналатын. Егер кешігуге белгілі бір қызметкердің салғырттығы себеп болса, ол ешқандай ескертусіз-ақ қызметінен босатылатын. Осындай мызғымас талаптың арқасында теміржолда әркім өз ісіне барынша жауапкершілікпен қарап, қауіпсіздік бәрінен биік қойылатын. Бұл тәртіп адамдардың бойында мамандыққа деген ерекше құрмет пен адалдықты қалыптастырды, – дейді ардагер теміржолшы.

Темірдей тәртіпке адалдық пен мінсіз еңбектің бағасы да елеусіз қалған жоқ. 1980 жылы Кендай мен Күләң Ахметовтердің отбасы теміржолшылар арасында аса жоғары құрметке ие «Күміс шеге» белгісімен марапатталды.



Бұл – кез келген теміржолшыға бұйыра бермейтін ерекше марапат. Ол пойыздардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз еткен, апаттың алдын алған, қиын сәтте батылдық пен кәсіби шеберліктің үлгісін көрсеткен азаматтарға ғана тапсырылатын мәртебелі белгі болатын.

Ахметовтер әулеті үшін **«Күміс шеге»** жай ғана марапат емес. Ол – бірнеше ұрпақтың маңдай тері мен адал еңбегінің, жауапкершілік пен қайсарлықтың үнсіз куәсі. Бүгінде бұл қастерлі жәдігер шаңырақтың төрінен орын алып, әулеттің еңбекке деген беріктігін, теміржолға деген шексіз сүйіспеншілігін және ар-намысын кейінгі ұрпаққа үнсіз сыр шертіп тұрған қасиетті мұраға айналған.

ЕҢБЕК ЭСТАФЕТАСЫ – ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА ЖАЛҒАСҚАН АМАНАТ

Теміржол – Ахметовтер әулеті үшін жай ғана кәсіп емес, бірнеше буынның тағдырын тоғыстырған қасиетті мұра. Бір кездері Ахмет атаның ақ батасымен басталған еңбек жолы бүгінде ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келеді. Жолшы әкесі теміржолда ұзақ жыл істеп, Кендай Төлеуханұлын осы салаға орналастырса, Төлеухан ата да «Құрметті теміржолшы» атанса, Ақым шешей мен Асқар ағасы да болат жолдың білгірлері атанды. Енді мінеки бесінші буын темір жолда тер төгіп жүр. Үш қызы – Гүлнар, Ғалия, Айгүл және ұлы Серік, келіні Әсел ата-аналарының үмітін ақтап, абыройға кенеліп жүр. Серік, Әселмен бірге бір үйде 20 жылдан бері бірге тұрады бір үйде. 9 немересі көз қуаныштары. Алды қазір студент болып жатыр. Аделя бастаған немерелері тіпті шетелде білім алуда.

Кендай аға мен Күләң Шынасылқызы тәрбиелеп өсірген төрт перзенттің екеуі ата-анасының сара жолын таңдап, теміржол саласында еңбек етіп жүр. Осылайша әулеттің еңбекке адалдығы мен кәсіпке деген құрметі жаңа буынның бойынан да көрініс тауып отыр. Ал бүгінде ержетіп келе жатқан алты немере де ата жолын жалғар ма екен деген ізгі үміт отбасының жүрегінде әрдайым сақтаулы. Өйткені бұл шаңырақта теміржол туралы әңгіме – күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі, ал адал еңбек – ең асыл құндылық.

Шын мәнінде, үлкен жетістіктің бәрі алғашқы қарапайым қадамнан басталады. Әрбір маман уақыт өте тәжірибе жинақтап, жауапкершіліктің салмағын сезінеді, кәсібінің қыр-сырын меңгереді. Еңбек жолында кездескен талай сынақ адамды шыңдап, өз ісінің нағыз шеберіне айналдырады. Ахметовтер әулетінің бірнеше буынға созылған тағылымды тарихы – осының жарқын дәлелі. Олар үшін теміржолға деген сүйіспеншілік, еңбекке деген адалдық, тәртіп пен төзімділік әрқашан өмірлік ұстанымға айналды. Осындай қасиеттердің арқасында әулет абыройлы еңбек жолын қалыптастырып қана қоймай, кейінгі ұрпаққа өнеге болатын құндылықтарды да аманат етіп қалдырды.

Ерекше бір еңбекті атап көрсеткен жөн: Кендай Төлеуханұлының ел игілігі жолындағы елеулі істерінің бірі – Сарышаған станциясындағы жолаушылар перронын жаңарту бастамасы болды. Өйткені 1953 жылдан бері перронға күрделі жөндеу жүргізілмеген еді. Соның салдарынан жаңа үлгідегі «Тальго» пойыздарының баспалдағы жерден шамамен 70 сантиметр биік орналасып, жолаушылардың пойызға мініп-түсуі едәуір қиындық туғызатын. Әсіресе егде жастағы адамдар орындық немесе басқа да заттарды пайдаланып көтерілуге мәжбүр болатын. Өкінішке қарай, абайсызда құлап, жарақат алған жолаушылар да кездесетін.

Осы жағдайды көзімен көрген ұлы Серік бірде әкесіне: «Әке, теміржолдың ардагері ретінде беделіңізді пайдаланып, осы олқылықтың орнын толтыруға атсалысыңыз. Перронды қазіргі талапқа сай, халыққа қолайлы етіп жаңартуға ықпал етіңіз», – деген екен. Баласының осы бір жүректен шыққан сөзі Кендай Төлеуханұлын нақты іске жетеледі. Нәтижесінде тиісті орындарға ұсыныс жасалып, мәселе оң шешімін тауып, станцияда заманауи талаптарға сай үш перрон салынды. Бүгінде бұл игіліктің жемісін мыңдаған жолаушы көріп, тұрғындар теміржол ардагерінің жанашырлығы мен азаматтық ұстанымына ризашылықтарын білдіруде.

Ахметовтер отбасының қадір-қасиеті өндірістегі жетістіктерімен ғана өлшенбейді. Олар шаңырақтың бірлігі мен берекесін сақтап, көпке үлгі болған өнегелі отбасы ретінде де ел құрметіне бөленді. Соның айқын дәлелі – 2014 жылы Ахметовтер әулетінің республикалық «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының жеңімпазы атануы.

Елордада өткен салтанатты марапаттау рәсімінде Кендай мен Күләң Ахметовтерге байқаудың бас жүлдесі – «Нива» автокөлігінің кілтін Мемлекет басшысының өзі табыс етті. Бұл марапат – тек бір отбасының ғана мерейі емес, адал еңбекке, отбасы құндылығына, ұрпақ сабақтастығына және өмір бойы маңдай термен қалыптасқан абыройға көрсетілген зор құрмет еді. Ал «ҚР ҚҰРМЕТТІ ҚАЙРАТКЕРІ», «АҚТОҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» атақтарының иегері, отбасылық теміржолшылық кәсібі 100 жылдан асқан Кендай аға алған орден, медаль, төсбелгілерді айтып тауысу қиын. Бұның бәрі адал төгілген маңдай тердің жемісі!

Бүгінде Ахметовтер әулетінің шежіресі әлі де жалғасып келеді. Оның жаңа беттерін енді кейінгі буын жазбақ. Ал сол шежіренің өзегінде баяғы Ахмет қарияның ақ батасы, атадан балаға мирас болған еңбекке адалдық және теміржолға деген өлшеусіз құрмет мәңгілік сақтала бермек.

* * *

Тағы бір ерекше жаңалық. Теміржолшылар мерекесі қарсаңында – 1 тамызда Сарышағанда ерекше оқиға болмақ. Онда «Құрметті теміржолшы» тас белгісін қоюдың идеясын беріп, оны орнатуға атсалысқан асыл азамат, ҚТЖ жүк тасымалдау вице-президенті Константин Сергеевич Цой және басқа теміржолшы азаматтардың қызу қолдауымен теміржолшылар саябағы ашылмақ. Оған электровозды әкелу идеясын ұсынған Кендай Төлеуханұлының басшылығымен Сарышаған кентінде «Теміржолшы» саябағының ашылуы тарихқа енген ерекше оқиға.

Осыдан 41 жыл бұрын яғни 1985 жылы Сарышаған кентіне тоқ кернеуін бергенде алғаш кірген Электровоздың саябақта орын алуының маңызы зор.

Ал 1-ші тамыздағы салтанатта 3 тақтайшаның лентасы қиылмақ. Өнер жұлдыздары концерті дүркіреп өтіп, соңы дискотекаға жалғаспақ.

Балжан АРИНОВА,
«Әділет» газетінің Астана қаласы мен Ақмола облысындағы арнаулы тілшісі,
Халықаралық Журналистер Одағының мүшесі